



**«Қазақстанның  
орнықтылық қоры» АҚ**

Қаржылық есептілік және  
тәуелсіз аудиторлардың  
аудиторлық есебі  
2022 жылғы 31 желтоқсан

**Мазмұны**

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік жөніндегі Басшылық мәлімдемесі .....	1
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі .....	2-7

**Қаржылық есептілік**

Қаржылық жағдай туралы есеп .....	8
Пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы есеп .....	9
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп .....	10
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп .....	11

**Қаржылық есептілікке ескертулер**

1	Кіріспе .....	12
2	Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта .....	12
3	Есеп саясатының негізгі қағидаттары .....	13
4	Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулар .....	22
5	Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерді қолдану .....	24
6	Ақшалай қаражат пен оның баламалары .....	24
7	Салымдар .....	25
8	Бағалы қағаздарға инвестициялар .....	27
9	Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар .....	33
10	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар .....	38
11	Акционерлік капитал .....	39
12	Таза пайыздық кіріс .....	40
13	Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтер бойынша таза (шығын)/кіріс .....	40
14	Қызметкерлерге арналған шығыстар .....	41
15	Әкімшілік және өзге операциялық шығыстар .....	41
16	Табыс салығы бойынша (өтеу)/шығыс .....	41
17	Қаржылық тәуекелдерді басқару .....	43
18	Шартты міндеттемелер .....	51
19	Қаржы құралдарының әділ құны .....	51
20	Байланысты тараптармен операциялар .....	54

## «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ

### 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік жөніндегі басшылық мәлімдемесі

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының («Қор») басшылығы Қордың 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын және оның осы күні аяқталған жыл іші пайда мен шығындар, және өзге жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістері және ақшалай қаражаттың қозғалысы турлы тиісті есептерін, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттары мен қаржылық есептілікке («қаржылық есептілік») өзге ескертулердің ашылуын Халықаралық қаржылық есептілігінің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес шынайы көрсететін қаржылық есептілігін дайындауға жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында Басшылық:

- есеп саясаты қағидаттарын дұрыс таңдау және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушылардың белгілі бір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Қордың қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер етуін түсінуі үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Қордың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.


Басшылық сонымен қатар:

- Қордағы ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Қордың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Қордың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген күнге жеткілікті дәлдікпен ұсынуға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысан түріндегі есепті жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Қор активтерін сақтауды қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шаралар қабылдауға; және
- алаяқтық және басқа да бұзушылық фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

Осы 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікті Қор Басшылығы 2023 жылғы 3 наурызда бекітті.

  
Оспанов Е.С.  
Басқарма төрағасы

  
Суанкулова А.Н.  
Қаржы директоры

  
Есеналиев А.Б.  
Бас бухгалтер



## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ Акционері мен Директорлар Кеңесіне

### Пікір

Біз 2022 ж. 31 желтоқсандағы қаржы жағдайы туралы есептен, 2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептерінен, сонымен қатар қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясатының негізгі қағидаларына қысқаша шолудан тұратын «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ («Қор») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген қаржылық есептілік 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржы жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес 2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық нәтижелері мен ақшалай қаражат қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді.

### Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз *Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне* («Кодекс») сәйкес және Қазақстан Республикасында қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодекске сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады.

### Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіптік пайымдамамызға сәйкес, ағымдағы кезең іші қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілікке біздің аудиттің мәліметінде және де осы есептіліктер туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында жалпы сипатта қаралған және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Делойт атауы «Делойт Туш Томацу Лимитед» (бұдан әрі — «ДТТЛ») құрамына кіретін және бірлесіп «Делойт» ұйымы» деп аталатын заңды тұлғалардың (олардың үлестес тұлғаларын қоса алғанда) біреуіне не кез келген санына жатады. «Делойт» халықаралық желісі «деп аталатын «ДТТЛ» компаниясы, «ДТТЛ» — ға қатысушы барлық фирмалар және олардың үлестес тұлғаларының әрқайсысы бір-бірінің атынан үшінші тұлғаларға қатысты міндеттемелер қабылдауға құқығы жоқ дербес және тәуелсіз заңды тұлғалар болып табылады. «ДТТЛ» компаниясы, сондай — ақ «ДТТЛ» әрбір қатысушы-фирмасы және әрбір үлестес тұлға бір-бірінің іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты емес, тек өз іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты жауапты болады. «ДТТЛ» компаниясы клиенттерге тікелей қызмет көрсетпейді. Тольғырақ ақпаратты сайттан білуге болады [www.deloitte.com/about](http://www.deloitte.com/about).

*Инвестициялардың әділ құнын пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағалау.*

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша («ПШАӘҚ») инвестициялар 222,296,022 мың теңгені құрады және көбінесе бұл қаржы активтеріне бірқатар қаржы институттары шығарған борыштық бағалы қағаздар кіреді.

Оларға бағалануы ұқсас құралдар үшін бақыланатын көздерден дисконттау мөлшерлемелерін пайдалана отырып дисконтталған шарттық ақша ағындарына негізделген модельге байланысты борыштық бағалы қағаздар жатады. Қор тиісті ақпаратты пайдалану туралы пайымдауды көздейтін бағалау әдістерін қолданатындықтан, қате қолданылған дисконттау мөлшерлемелері мен басқа бастапқы деректер және жорамалдар инвестициялардың әділ құнының ПШАӘҚ бойынша бағалануына және тиісінше Қор қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етуі мүмкін.

Қаржылық есептіліктегі ПШАӘҚ бойынша инвестициялар қалдығының, инвестициялармен операциялар көлемінің маңыздылығын, басшылықтың субъективтілік дәрежесін, пайымдау деңгейін және бағалау ең өзекті ақпаратты көрсетпейтінін есепке ала отырып, біз инвестициялардың әділ құнын ПШАӘҚ бойынша бағалау аудиттің негізгі мәселесі болып табылады деп есептейміз.

Есеп саясатының сипаттамасы үшін 3-ескертуді және ПШАӘҚ бойынша инвестициялардың сипаттамасы үшін 8-ескертуді қараңыз.

Біз басшылықтың бағалы қағаздармен мәмілелер жасауы және бекітуінің процестері мен бақылау рәсімдерін, сондай-ақ инвестициялардың әділ құнын ПШАӘҚ бойынша бағалау бөлігінде түсіндік.

Біз инвестициялардың әділ құнын бағалау барысында басшылық тарапынан тиісті бақылау лайықты жүзеге асырылғанын анықтау үшін тиісті маңызды бақылауларды және барысында олардың енгізілгенін тексердік.

Бағалау жөніндегі мамандарымыздың көмегімен біз дисконттау мөлшерлемелерін есептеу үшін жорамалдардың негізділігін және қолданылған бастапқы деректерді сыртқы көздерден қолжетімді деректермен тексердік.

ПШАӘҚ бойынша инвестициялардың таңдап алынған баланстары үшін біз дисконттау мөлшерлемелерін есептеуде пайдаланылатын бастапқы деректердің дәлдігін оларды бастапқы құжаттармен салыстыру арқылы тексердік, сондай-ақ есепті күнге әділ құн есептеулерінің математикалық дәлдігін тексердік.

Біз қаржылық есептілікте ХҚЕС талаптарына сәйкес ПШАӘҚ бойынша инвестициялар жөніндегі ақпараттың ашылуының баламалығы мен толықтығын бағаладық.

*Амортизацияланған құн бойынша инвестициялар үшін күтілетін кредиттік шығындарды бағалау*

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша инвестициялардың жалпы баланстық құны 1,211,135,080 мың теңгені құрады, күтілетін кредиттік шығындар («ККШ») бойынша тиісті резерв 2,298,566 мың теңгені құрады. Көбінесе бұл қаржы активтеріне бірқатар қаржы институттары шығарған және Қор активтерінің едәуір үлесі болып табылатын борыштық бағалы қағаздар кіреді.

Оларға бағалануы ұқсас құралдар үшін бақыланатын көздерден дисконттау мөлшерлемелерін пайдалана отырып дисконтталған шарттық ақша ағындарына негізделген модельге байланысты борыштық бағалы қағаздар жатады. Қор тиісті ақпаратты пайдалану туралы пайымдауларды көздейтін бағалау әдістерін пайдаланатындықтан, қате қолданылған дисконттау мөлшерлемелері мен басқа бастапқы деректер және ККШ бағалауда пайдаланылатын дефолт ықтималдығы (PD) немесе дефолт болған жағдайдағы шығын деңгейлері (LGD) сияқты жорамалдар амортизацияланған құны бойынша инвестициялар үшін күтілетін кредиттік шығындардың бағалануына және тиісінше Қор қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етуі мүмкін.

Қаржылық есептіліктегі амортизацияланған құны бойынша инвестициялар қалдығының, инвестициялармен операциялар көлемінің маңыздылығын, басшылықтың бағалауға қатысты субъективтілік дәрежесі мен пайымдау деңгейін және бағалау ең өзекті ақпаратты көрсетпейтінін есепке ала отырып, біз амортизацияланған құны бойынша инвестициялар үшін күтілетін кредиттік шығындарды бағалау аудиттің негізгі мәселесі болып табылады деп есептейміз.

Есеп саясатының сипаттамасы үшін 3-ескертуді, осындай бағалы қағаздар туралы ақпаратты ашу үшін 17-ескертуді және осындай бағалы қағаздарға қатысты тәуекелдерді басқару саясатының сипаттамасы үшін 17-ескертуді қараңыз.

Біз басшылықтың бағалы қағаздармен мәмілелер жасауы және бекітуінің процестері мен бақылау рәсімдерін, сондай-ақ амортизацияланған құны бойынша инвестициялар үшін күтілетін кредиттік шығындарды бағалауы бөлігінде түсіндік.

Біз күтілетін кредиттік шығындарды бағалау барысында басшылық тарапынан тиісті бақылау лайықты жүзеге асырылғанын анықтау үшін тиісті маңызды бақылауларды және барысында олардың енгізілгенін тексердік.

Бағалау жөніндегі мамандарымыздың көмегімен біз амортизацияланған құны бойынша жаңадан сатып алынған инвестициялар үшін дисконттау мөлшерлемелерін есептеу үшін жорамалдардың негізділігін және қолданылған бастапқы деректерді сыртқы көздерден қолжетімді деректермен тексердік.

Амортизацияланған құны бойынша инвестициялардың таңдап алынған баланстары үшін біз PD және LGD бағалау модельдерінде пайдаланылатын бастапқы деректер мен негізгі жорамалдар күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді бағалауға әсер ететін тиісті ақпаратты есепке алатынын тексердік. дисконттау мөлшерлемелерін есептеуде пайдаланылатын бастапқы деректердің дәлдігін, сондай-ақ оларды бастапқы құжаттармен салыстыру арқылы күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді есептеуде пайдаланылатын бастапқы деректердің дәлдігін тексердік, сондай-ақ есепті күнге амортизацияланған және әділ құн есептеулерінің математикалық дәлдігін тексердік. Біз амортизацияланған құны бойынша инвестициялар үшін ККШ математикалық дәлдігі мен есептеуін тиісті бастапқы деректер негізінде күтілетін кредиттік шығындардың элементтерін қайта орындау және есептеу арқылы тексердік. Бұл әзірленген модель мен қолданылатын формулалардың сәйкестігін бағалауды, модельдеу әдістерін қарастыру мен PD, LGD және дефолт тәуекеліне ұшырайтын кредиттік талаптың мөлшерін анықтауды қамтыды. Біз сондай-ақ амортизацияланған құн есептеулерінің математикалық дәлдігін және оларды бастапқы құжаттармен салыстыру арқылы есептеулерде қолданылатын бастапқы деректердің дәлдігін тексердік.

Біз қаржылық есептілікте ХҚЕС талаптарына сәйкес амортизацияланған құны бойынша инвестициялар жөніндегі ақпараттың ашылу баламалығы мен толықтығын бағаладық.

## **Өзге ақпарат – жылдық есеп**

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепте бар ақпаратты қамтиды, бірақ қаржылық есептілік пен ол туралы біздің есебімізді қамтымайды. Болжалды түрде, жылдық есеп бізге осы аудитор есебі күнінен кейін ұсынылады.

Қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа таралмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да болсын нысанда сенімділікті білдіретін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің қаржылық есептілікке аудит жүргізуімізге байланысты міндетіміз – бізге ұсынылған кезде жоғарыда аталған өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біздің біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктің бар-жоқтығы және өзге ақпаратта басқа да ықтимал елеулі бұрмалаушылықтардың болуы туралы мәселені қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, біз ол туралы корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларды хабардар етуіміз тиіс.

### **Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық осы қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Қорды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

### **Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ҲАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырты алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарын сақтағанымыз көрсетілетін және бұл тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз.



Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлаған мәселелерден ағымдағы кезең іші қаржылық есептіліктің аудиті үшін неғұрлым маңызды болған, демек, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудан болатын қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түсетінін негізді түрде болжауға болатындықтан, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келген жағдайларды қоспағанда, осы мәселелерді есебімізде сипаттаймыз.



Роман Саттаров  
Атқарушы аудитор  
2013 ж. 31 мамырдағы  
№МФ-0000149  
біліктілік куәлігі



Жәңгір Жилысбаев  
«Делойт» ЖШС  
бас директоры

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға №0000015 мемлекеттік лицензия, сериясы МФЮ – 2, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2023 ж. 3 наурыз  
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ  
Қаржылық жағдай туралы есеп**

Қазақстандық мың теңгеде	Ескер- ту	2022ж. 31 желтоқсан	2021ж. 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	6	877,407,126	865,056,559
Салымдар	7	94,226,012	96,677,426
Пайда мен шығын арқылы әділ құны бойынша инвестициялар	8	222,296,022	266,724,621
Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар	8	1,208,836,514	1,314,347,448
Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар	9	1,064,083,212	811,151,854
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер		258,672	271,762
Кейінге қалдырылған салық активтері	16	344,980,474	345,754,161
Өзге активтер		6,324,320	5,799,070
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>3,818,412,352</b>	<b>3,705,782,901</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	10	1,179,467,629	951,417,753
Өзге міндеттемелер		516,404	282,666
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>1,179,984,033</b>	<b>951,700,419</b>
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	11	4,795,733,142	4,795,733,142
Қосымша төленген капитал		248	158
Жиналған шығын		(2,157,305,071)	(2,041,650,818)
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>2,638,428,319</b>	<b>2,754,082,482</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>3,818,412,352</b>	<b>3,705,782,901</b>

Қор Басшылығының атынан 2023 ж. 3 наурызда қол қойылды:



Оспанов Е.С.  
Басқарма төрағасы





Суанкулова А.Н.  
Қаржы директоры



Есеналиев А.Б.  
Бас бухгалтер

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Пайда мен шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы есеп**

Қазақстандық мың теңгеде	Ескер- ту	2022 ж.	2021 ж.
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер	12	204,841,767	233,305,054
Өзге пайыздық кірістер	12	13,952,779	21,624,182
Пайыздық шығыстар	12	(110,562,476)	(97,593,728)
<b>Кредиттік шығындар бойынша шығыстарды қалпына келтіргенге дейінгі таза пайыздық кіріс</b>		<b>108,232,070</b>	<b>157,335,508</b>
Кредиттік шығындар бойынша шығыстарды қалпына келтіру	7, 8, 9	1,346,623	3,008,798
<b>Таза пайыздық кіріс</b>		<b>109,578,693</b>	<b>160,344,306</b>
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері бойынша таза (шығын)/кіріс	13	(35,063,461)	17,180,350
Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар	14	(1,361,272)	(1,350,066)
Әкімшілік және өзге операциялық шығыстар	15	(477,677)	(572,451)
Шетелдік валютамен операциялар бойынша таза шығын		(151)	(11)
Өзге операциялық кірістер		19,722	579,839
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>		<b>72,695,854</b>	<b>176,181,967</b>
Табыс салығы бойынша өтеу/(шығыс)	16	3,561,561	(14,953,164)
<b>ЖЫЛ ІШІ ТАЗА ПАЙДА</b>		<b>76,257,415</b>	<b>161,228,803</b>
<b>Өзге жиынтық кіріс:</b>			
Жыл іші өзге жиынтық кіріс		-	-
<b>ЖЫЛ ІШІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>		<b>76,257,415</b>	<b>161,228,803</b>
Акцияға шаққандағы базалық пайда (қазақстандық теңгеде)	11	154.46	328.70

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ  
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп**

Қазақстандық мың теңгеде	Ескер- ту	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Жиналған шығын	Капитал жиыны
<b>2021 ж. 1 қаңтардағы қалдық</b>		<b>4,675,733,142</b>	<b>158</b>	<b>(2,027,515,717)</b>	<b>2,648,217,583</b>
Жай акцияларды шығару 10,031,891 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі салымдарды бастапқы тану кезінде танылған дисконт	11 7,16	120,000,000 -	- -	- (40,127,562)	120,000,000 (40,127,562)
25,333,020 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша инвестицияларды және амортизацияланған құны бойынша инвестицияларды бастапқы тану кезінде танылған дисконт	8,16	-	-	(101,332,082)	(101,332,082)
Дивидендтерді төлеу	11	-	-	(32,392,241)	(32,392,241)
Өзге бөлулер		-	-	(1,512,019)	(1,512,019)
2021 ж. іші жиынтық кіріс жиыны		-	-	161,228,803	161,228,803
<b>2021ж. 31 желтоқсандағы қалдық</b>		<b>4,795,733,142</b>	<b>158</b>	<b>(2,041,650,818)</b>	<b>2,754,082,482</b>
Қосымша төленген капиталға бөлулер		-	90	-	90
2,974,337 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі салымдарды бастапқы тану кезінде танылған дисконт	7,16	-	-	(11,897,348)	(11,897,348)
1,642,896 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергендегі пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша инвестицияларды және амортизацияланған құны бойынша инвестицияларды бастапқы тану кезінде танылған дисконт	8,16	-	-	(6,571,585)	(6,571,585)
9,197,040 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды ескере отырып, Акционердің шешімі бойынша қайта құрылымдау операциялары	8, 16	-	-	(172,601,165)	(172,601,165)
Өзге бөлулер		-	-	(841,570)	(841,570)
2022 ж. іші жиынтық кіріс жиыны		-	-	76,257,415	76,257,415
<b>2022ж. 31 желтоқсандағы қалдық</b>		<b>4,795,733,142</b>	<b>248</b>	<b>(2,157,305,071)</b>	<b>2,638,428,319</b>

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ  
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп**

Қазақстандық мың теңгеде	Ескер- ту	2022 ж.	2021 ж.
<b>Операциялық қызметтен ақша ағындары</b>			
Алынған пайыздар		162,869,753	158,562,924
Төленген пайыздар		(91,852,327)	(71,430,994)
Жұмыскерлермен есеп айырысулар		(1,220,005)	(1,238,559)
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілермен есеп айырысулар		(1,060,634)	(915,538)
Табыс салығын қоспағанда, төленген салықтар		(2,216)	(1,730)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат</b>		<b>68,734,571</b>	<b>84,976,103</b>
<i>Операциялық активтердің таза (ұлғаюы)/кемуі:</i>			
- Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар		(252,708,753)	(271,028,584)
- Дебиторлық берешек		-	407,531,193
- Өзге активтер		(122,454)	(116,539)
<b>Операциялық қызметте (пайдаланылған)/алынған таза ақшалай қаражат</b>		<b>(184,096,636)</b>	<b>221,362,173</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағындары</b>			
Қаражатты салымдарға орналастыру		(68,420,627)	(59,085,140)
Орналастырылған салымдардан түсімдер		65,514,554	353,519,310
Инвестицияларды пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша сатып алу		(3,353,528)	(1,303,774)
Инвестицияларды амортизациялық құны бойынша сатып алу		(152,771,081)	(281,892,821)
Инвестицияларды амортизациялық құны бойынша өтеуден түсімдер		145,556,688	92,014,871
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(66,371)	(38,859)
<b>Инвестициялық қызметте (пайдаланылған)/алынған таза ақшалай қаражат</b>		<b>(13,540,365)</b>	<b>103,213,587</b>
<b>Қаржылық қызметтен ақша ағындары</b>			
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан түсімдер	10	534,987,568	367,215,867
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	10	(325,000,000)	(170,000,000)
Жай акциялар эмиссиясынан түсімдер	11	-	120,000,000
Төленген дивидендтер	11	-	(32,392,241)
<b>Қаржылық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат</b>		<b>209,987,568</b>	<b>284,823,626</b>
<b>Ақшалай қаражат пен оның баламаларының таза өсімі</b>		<b>12,350,567</b>	<b>609,399,386</b>
Жыл басындағы ақшалай қаражат пен оның баламалары	6	865,056,559	255,657,173
<b>Жыл аяғындағы ақшалай қаражат пен оның баламалары</b>	<b>6</b>	<b>877,407,126</b>	<b>865,056,559</b>

## **1 Кіріспе**

«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ (бұдан әрі «Қор») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» (бұдан әрі «ҚРҰБ») 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 130 қаулысы негізінде құрылды. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Жарғыға, Қордың ішкі қызметін реттейтін құжаттарға, Қордың органдары мен лауазымды тұлғаларының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

### **Негізгі қызметі**

Қор қызметінің түрлері:

- 1) екінші деңгейдегі банктерді қаржылық қолдау, оның ішінде тәртіптелген қарыздар беру (тәртіптелген облигацияларды сатып алу) арқылы және осы мақсаттарда екінші деңгейдегі банктермен және олардың акционерлерімен шарттар жасасу;
- 2) инвесторларды іздеу және жаңа инвесторға (инвесторларға) тәртіптелген облигацияларды (тәртіптелген борышты) айырбастау арқылы екінші деңгейдегі банктердің сатып алынған акцияларын сату;
- 3) қаражатты бағалы қағаздарға, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерде және ҚРҰБ-да банктік шот және банктік салым шартының талаптарымен, оның ішінде ҚРҰБ бекіткен талаптармен орналастыру;
- 4) факторингтік операциялар: төлемеу тәуекелін қабылдай отырып, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемді талап ету құқықтарын сатып алу (екінші деңгейдегі банктерден банктік қарыздар бойынша талап ету құқықтарын сатып алу);
- 5) екінші деңгейдегі банктерге банктік қарыздарды кері беру болып табылады.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ Қордың тікелей және түпкілікті бас ұйымы болып табылған.

### **Заңды мекенжайы және қызмет жүргізу орны**

Қор келесі заңды мекенжай бойынша тіркелген: А15С9Т5, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Көктем-3 ықшам ауданы, 21-үй.

### **Есептілікті ұсыну валютасы**

Осы қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен ұсынылған, ол Қордың функционалдық валютасы болып табылады.

## **2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта**

Дамушы елдердің нарықтары, соның ішінде Қазақстан нарығы, дамыған нарықтардың тәуекелдерінен өзгеше экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге ұшырайды. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер өзгеруі мүмкін. Қазақстанның келешек даму бағыты едәуір дәрежеде мемлекеттің салықтық және кредиттік-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге байланысты.

Қазақстан мұнай мен газды үлкен көлемде өндіріп, экспортқа шығаратынына байланысты, Қазақстанның экономикасы мұнай мен газдың өлемдік бағаларының өзгерістеріне ерекше сезімтал. Экономиканың жағдайына сондай-ақ ірі инфрақұрылымдық жобаларға және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған өртүрлі бағдарламаларына мемлекеттік шығыстар да елеулі әсер етеді.

2022 ж. басында Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери-саяси шиеленіс ушыға түсті. Нәтижесінде бірқатар елдер Ресей мен Беларуське қарсы экономикалық санкциялар енгізді, соның ішінде жаңа инвестицияларға тыйым салу, орасан зор қаржы институттары мен бірқатар мемлекеттік кәсіпорындарды оқшаулау шаралары қабылданды.

2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың украиндық және ресейлік инвестициялық бағалы қағаздары болған жоқ, сондықтан бұл оқиғалар Қор қызметінің нәтижелеріне ықпал етпейді.

2022 ж. Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы баррель үшін 101.8 АҚШ долларын құрады (2021 ж.: баррель үшін 68.63 АҚШ доллары). 2022ж. қорытындысы бойынша, бағалауға сәйкес, Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің («ЖІӨ») өсімі жылдық мәнде 3.1% құрады. 2022 ж. елдегі инфляция жеделдеп, жылдық есептеуде 20.3% құрады (2021 ж. инфляция жылдық есептеуде 8.4% құраған).

2022 ж. ішінде сыртқы факторлардың Қазақстан экономикасына теріс әсерін төмендету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/- 1.0 т.т. дәлізбен жылдық 10.25%-дан 16.75%-ға дейін көтерді, сондай-ақ 2022 ж. бірінші жартысында шетел валюталарына қатысты теңгенің айырбас бағамын қолдау үшін валюта нарығында интервенциялар жүзеге асырылды. Алайда геосаяси тәуекелдердің болашақта өзгеруіне және олардың Қазақстан Республикасының экономикасына әсеріне қатысты белгісіздік бар.

Қор басшылығы экономикалық, саяси және геосаяси жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді қадағалап, жақын болашақта Қор бизнесінің тұрақтылығы мен дамуын қолдау үшін қажетті деп есептейтін шараларды қабылдайды. Алайда болған оқиғалардың салдары және олармен байланысты болашақ өзгерістер Қордың қызметіне әсер етуі мүмкін.

### **3 Есеп саясатының негізгі қағидаттары**

#### ***Есептілікті ұсынудың негіздері***

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес, әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар мен салымдарды есептемегенде, тарихи құн бойынша есепке алу ережелерінің негізінде дайындалған.

#### ***Қаржы құралдары – бағалаудың негізгі тәсілдері***

Әділ құн дегеніміз – бұл бағалау күніне нарық қатысушылары арасында әдеттегі мәміле шеңберінде активті сату кезінде алынуы мүмкін немесе міндеттемені беру кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ құнның үздік дәлелі – белсенді нарықта белгіленетін баға болып табылады. Белсенді нарық дегеніміз – бұл активпен немесе міндеттемемен операциялар жеткілікті жиілікпен және тұрақты негізде бағалаулар туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық. Белсенді нарықта айналысқа түсетін қаржы құралдарының әділ құны белгіленетін бағаны жеке активке немесе міндеттемені ұйым ұстайтын оның санына көбейту кезінде алынған сома ретінде бағаланады. Бұл нарықтың әдеттегі тәуелсіз сауда айналымы ұйымның активтері мен міндеттемелерінің санын сңіру үшін жеткіліксіз болып, ал жеке операцияда позицияларды сатуға тапсырыстарды орналастыру белгіленетін бағаға әсер етуі мүмкін болса да орын алады.

Қаржы туынды құралдарының немесе белсенді нарықта айналысқа түспейтін басқа да қаржы активтері мен міндеттемелерінің портфелі нақты тәуекелді қабылдағаны үшін таза ұзақ позицияны (яғни активті) сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі мәміле шеңберінде нақты тәуекелді қабылдағаны үшін таза қысқа позицияны (яғни міндеттемені) беру кезінде төленетін баға негізінде қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер тобының әділ құны бойынша бағаланады. Егер Қор: (а) ұйымның тәуекелдерді басқару жөніндегі ресми стратегиясына немесе оның инвестициялық стратегиясына сәйкес ұйымның нақты нарықтық тәуекелге (немесе тәуекелдерге) немесе нақты контрагенттің кредиттік тәуекеліне таза ұшырағыштығы негізінде қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер тобын басқарса; (ә) осы негізде қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер тобы туралы ақпарат берсе; және (б) ұйымның қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерге байланысты туындайтын нақты нарықтық тәуекелге (немесе тәуекелдерге) ұшырағыштығының ұзақтығын қоса алғанда, нарықтық тәуекелдер мәні бойынша шамалас болып табылса, бұл көп реттік негізде әділ құны бойынша көрсетілетін активтер үшін қолданылады.

Дисконтталған ақша ағындарының моделі сияқты бағалау модельдері, сондай-ақ тәуелсіз тараптар арасындағы ұқсас операциялардың деректеріне немесе инвестициялық объектінің ағымдағы құнына негізделген модельдер мәміле бағасы туралы нарықтық ақпарат қол жетімді емес қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін қолданылады. Әділ құнды бағалау нәтижелері талданып, әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша келесідей бөлінеді: (i) 1-деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы белгіленімді (түзетілмейтін) бағалар бойынша бағалау жатады, (ii) 2-деңгейге – актив немесе міндеттеме үшін тікелей (мысалы, бағалар) немесе жанама (мысалы, бағалар негізінде есептелген) пайдаланылатын барлық маңызды бастапқы деректер байқалатын бағалау модельдері арқылы алынғандар, және (iii) 3-деңгейдегі бағалаулар, олар тек бақыланытын нарықтық деректерге негізделмеген бағалаулар болып табылады (яғни бағалау үшін бақыланыбайтын бастапқы деректердің едәуір көлемі қажет) (19-ескерту).

Мәміле бойынша шығындар қаржы құралын сатып алуға, шығаруға немесе істен шығаруға қатысты қосымша шығындар болып табылады. Қосымша шығындар - бұл мәміле жасалмаса, орын алмайтын шығындар. Мәміле шығындарына консультанттарға, брокерлер мен дилерлерге төленген төлемдер мен комиссиялар, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін міндетті төлемдер, сондай-ақ салықтар мен алымдар кіреді. Мәміле шығындарына борыштық міндеттемелер бойынша сыйлықақылар немесе дисконттар, қаржыландыру шығындары, ішкі өкімшілік шығыстар немесе сақтау шығындары кірмейді.

Амортизацияланған құн негізгі борыш төлемін шегеріп, бірақ өскен пайыздарды қоса алып, ал қаржылық активтер үшін – күтілетін кредиттік шығындар үшін кез келген бағалау резервін шегергендегі бастапқы тану кезіндегі қаржы құралының құнын білдіреді. Өскен пайыздар мәміле шығындарын бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған амортизацияны, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, өтеу сомасынан кез келген сыйлықақыларды немесе дисконтты қамтиды. Өскен пайыздық кірістер мен өскен пайыздық шығыстар, оның ішінде өскен купондық кіріс және амортизацияланған дисконт немесе сыйлықақы (бар болған жағдайда беру кезінде кейінге қалдырылған комиссияны қоса алғанда) жеке көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы есептің тиісті баптарының баланстық құнына енгізіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл әр кезеңде құралдың баланстық құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды бөлу әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзіміне немесе тиісті жағдайларда қаржы құралының жалпы баланстық құнына дейін одан қысқа мерзімге есептік болашақ ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді (болашақ кредиттік шығындарды қоспағанда) дисконттаудың нақты мөлшерлемесі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме пайыздың өзгеруінің келесі күніне дейін мөлшерлемесі өзгермелі құралдар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылады, бірақ осы құрал үшін көрсетілген өзгермелі мөлшерлеме бойынша немесе нарықтық мәніне қарамастан белгіленетін басқа ауыспалы факторлар бойынша кредиттік спредті көрсететін сыйлықақы немесе дисконт бұған жатпайды. Мұндай сыйлықақылар немесе дисконттар құралдың күтілетін айналыс мерзімі ішінде амортизацияланады. Келтірілген құнды есептеу шарт бойынша тараптар төлеген немесе алған, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын барлық төлемдер мен сыйақыларды қамтиды. Бастапқы тану кезінде сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған («СҚКҚ») қаржы активтері болып табылатын активтер үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетіледі, яғни келісімшарттық ақша ағындары негізінде емес, бастапқы тану кезінде күтілетін ақша ағындары негізінде есептеледі.

#### **Қаржы құралдарын бастапқы тану**

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша («ПШАӘҚ») бағаланатын қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша танылады. Барлық өзге қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құны бойынша көрсетіледі. Бастапқы тану кезінде әділ құнның үздік дәлелі - мәміле бағасы болып табылады. Бастапқы тану кезінде пайда немесе шығын әділ баға мен мәміле бағасы арасында айырмашылық болған жағдайда ғана есепке алынады, оны нарықта бақыланатын дәл сол құралмен басқа ағымдағы мәмілелер немесе базалық деректер ретінде тек бақыланатын нарықтардың деректерін пайдаланатын бағалау моделі растай алады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріне және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға инвестицияларға қатысты бастапқы танудан кейін күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві танылады, бұл актив бастапқы танылғаннан кейін бірден бухгалтерлік шығынды тануға әкеледі.

Жеткізу заңнамамен немесе осы нарық үшін іскерлік айналым әдеттерінде белгіленген мерзімдерде жүргізілуі тиіс қаржы активтерін сатып алу және сату («стандартты шарттармен») сатып алу және сату) мәміле жасалған күні, яғни Қор қаржы активін сатып алуға немесе сатуға міндеттенетін күні көрсетіледі. Сатып алу бойынша барлық басқа операциялар кәсіпорын осы қаржы құралына қатысты шарттың тарапы болған кезде танылады.

#### **Қаржы активтерін жіктеу және кейінгі бағалау: бағалау санаттары**

Қор қаржы активтерін келесі бағалау санаттарын қолдана отырып жіктейді: пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын. Борыштық қаржы активтерін жіктеу және кейінгі бағалау: (i) Қордың тиісті активтер портфелін басқаруға арналған бизнес-моделіне және (ii) актив бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына байланысты.



**Қаржы активтерін жіктеу және кейінгі бағалау: бизнес-модель**

Бизнес-модель Қордың ақша ағындарын алу мақсатында активтерді басқару үшін қолданатын әдісін көрсетеді, Қордың мақсатына қарай: (i) активтерден шартта көзделген ақша ағындарын алу ғана («шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу»), немесе (ii) шартта көзделген ақша ағындарын және активтерді сату нәтижесінде туындайтын ақша ағындарын алу («шартта көзделген ақша ағындарын алу және сату үшін активтерді ұстап қалу»), немесе, егер не (i) тармақ, не (ii) тармақ қолданылмайтын болса, қаржы активтері «өзге» бизнес-модельдер санатына жатады және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады.

Бизнес-модель бағалау жүргізілетін күні қолда бар портфель үшін Қор белгіленген мақсатқа жету үшін жүзеге асыруға ниеттенген қызметтің барлық тиісті дәлелдемелерінің негізінде активтер тобы үшін (портфель деңгейінде) айқындалады. Бизнес-модельді анықтау кезінде Қор ескеретін факторларға портфельдің мақсаты мен құрамы, тиісті активтер бойынша ақша ағындарын алудың бұрынғы тәжірибесі, тәуекелдерді бағалау және басқару тәсілдері, активтердің кірістілігін бағалау әдістері жатады. 4-ескертуде Қор өзінің қаржы активтері үшін бизнес-модельдерді анықтау кезінде пайдаланған пайымдаулар келтірілген.

**Қаржы активтерін жіктеу және кейінгі бағалау: ақша ағындарының сипаттамалары**

Егер бизнес-модель шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін немесе шартта көзделген ақша ағындарын алу және сату үшін активтерді ұстап қалуды көздесе, Қор ақша ағындарының тек борыштың негізгі сомасы мен пайыз есебіне төлемдер болып табылу-табылмауын бағалайды («борыштың негізгі сомасы мен пайыздары есебіне ғана төлемдер тесті» немесе «SPPI-тест»). Туынды құралдары кіріктірілген қаржы активтері олар бойынша ақша ағындары тек борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне төлемдер болып табылу-табылмауын анықтау үшін жиынтықта қарастырылады. Бұл бағалауды жүргізу кезінде Қор шартта көзделген ақша ағындарының базалық кредит шартының талаптарына сәйкес келетіндігін, яғни пайыздар тек кредиттік тәуекелге, ақшаның уақытша құнына, базалық кредит шартының басқа тәуекелдеріне және пайда маржасына қатысты өтеуді қамтитынын қарастырады.

Егер шарттың талаптары базалық кредит шартының талаптарына сәйкес келмейтін тәуекелге немесе құбылмалылыққа ұшырауын көздейтін болса, тиісті қаржы активі пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне ғана төлемдерге тест активті бастапқы тану кезінде жүргізіледі және кейіннен қайта бағалау жүргізілмейді. 4-ескертуде Қор өзінің қаржы активтеріне қатысты борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне ғана төлемдерге тест жүргізу кезінде пайдаланған аса маңызды пайымдаулары келтірілген.

**Қаржы активтерін қайта жіктеу**

Қаржы құралдары тек жалпы алғанда осы портфельді басқарудың бизнес-моделі өзгерген жағдайда ғана қайта жіктеледі. Қайта жіктеу бизнес-модель өзгергеннен кейін бірінші есепті кезеңнің басынан бастап перспективті түрде жүргізіледі. Қор ағымдағы немесе салыстырмалы кезең ішінде өзінің бизнес-моделін өзгерткен жоқ және қайта жіктеу жүргізген жоқ.

**Қаржы активтерінің құнсыздануы: күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві**

Болжамдар негізінде Қор амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық құралдармен байланысты күтілетін кредиттік шығындарды бағалайды. Қор күтілетін кредиттік шығындарды бағалап, әрбір есепті күнге кредиттік шығындарға арналған бағалау резервін таниды. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау мыналарды көрсетеді: (i) болуы мүмкін нәтижелер ауқымын бағалау арқылы анықталған объективті және ықтималдық есебімен өлшенген сома, (ii) ақшаның уақытша құны және (iii) өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және болжамды болашақ экономикалық жағдайлар туралы, есепті күні шамадан тыс шығындар мен күш-жігерсіз қолжетімді, негізделген және расталған барлық ақпарат.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын үлестік құралдар қаржылық жағдай туралы есепте күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервін шегеріп ұсынылады.

Қор бастапқы таныған сәттен бастап кредиттік сападағы өзгерістер негізінде құнсыздануды есепке алудың «үш сатылы» моделін қолданады. Бастапқы тану кезінде құнсызданған болып табылмаған қаржы құралы 1-сатыға жатады деп жіктеледі. 1-сатыдағы қаржы активтері үшін күтілетін кредиттік шығындар келесі 12 ай ішінде немесе егер ол 12 ай өткенге дейін болса, шартқа сәйкес өтеу күніне дейін орын алуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындардың бөлігіне тең сомада бағаланады («12-айлық күтілетін кредиттік шығындар»). Егер Қор бастапқы таныған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін анықтаса, онда актив 2-сатыға ауыстырылады, ал осы актив бойынша күтілетін кредиттік шығындар бүкіл мерзім ішінде, яғни шартқа сәйкес өтеу күніне дейін күтілетін кредиттік шығындар негізінде («бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар») бағаланады.

Қордың кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын айқындау тәртібінің сипаттамасы 17-ескертуде келтірілген. Егер Қор қаржы активінің құнсызданғанын анықтаса, актив 3-сатыға ауыстырылады және ол бойынша күтілетін кредиттік шығындар бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар ретінде бағаланады. Қордың құнсызданған активтер мен дефолтты айқындауына қатысты түсініктемелер 17-ескертуде келтірілген. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері үшін күтілетін кредиттік шығындар әрдайым бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар ретінде бағаланады. 17-ескертуде күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректер, жорамалдар және есептеу әдістері, соның ішінде Қордың күтілетін кредиттік шығындар моделіндегі болжамды ақпаратты енгізу тәсілін түсіндіруі туралы ақпарат келтірілген.

#### **Қаржы активтерін тануды тоқтату**

Қор қаржы активтерін тануды (а) бұл активтер өтелген кезде немесе осы активтерге байланысты ақша ағындарына құқықтардың мерзімі аяқталған кезде, немесе (ә) Қор қаржы активтерінен ақша ағындарына құқықтарды бергенде немесе беру туралы келісім жасағанда және бұл ретте (і) сондай-ақ, осы активтерге иелік етуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды бергенде, немесе (ii) осы активтерге иелік етуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды берген де, сақтаған да жоқ, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылғанда тоқтатады. Егер контрагенттің активті сатуға шектеулер енгізбестен байланысты емес үшінші тарапқа толық сатуға іс жүзінде мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

#### **Қаржы активтерінің модификациясы**

Кейде Қор қаржы активтері бойынша шарттық талаптарды қайта қарайды немесе басқаша модификациялайды. Қор шартта көзделген ақша ағындарының модификациясы басқалардың ішінде келесі факторларды ескере отырып, елеулі болып табылу-табылмауын бағалайды: актив бойынша тәуекелдер бейініне айтарлықтай әсер ететін жаңа шарттық талаптардың болуы (мысалы, пайдаға қатысу немесе капиталға кіріс), пайыздық мөлшерлеменің айтарлықтай өзгеруі, валюталық деноминация өзгерістері, активке байланысты кредиттік тәуекелге елеулі әсер ететін жаңа немесе қосымша кредиттік қамтамасыз етудің пайда болуы немесе қарыз алушы қаржылық қиындықтарға тап болмаған жағдайларда кредит мерзімін едәуір ұзарту.

Егер модификацияланған талаптар бастапқы актив бойынша ақша ағындарына құқықтар аяқталатындай едәуір өзгеше болса, Қор бастапқы қаржы активін тануды тоқтатады және жаңа активті әділ құны бойынша таниды. Талаптарды қайта қарау күні болып кейінгі құнсыздануды есептеу мақсаттары үшін, оның ішінде кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаю фактісін айқындау үшін бастапқы тану күні есептеледі. Сондай-ақ, Қор жаңа кредиттің немесе қарыз құралының төлемдерді тек негізгі борыш сомасы мен пайыздар есебіне жүзеге асыру критерийіне сәйкестігін бағалайды. Танылуы тоқтатылған бастапқы активтің баланстық құны мен жаңа, едәуір модификацияланған активтің әділ құны арасындағы кез келген алшақтық, егер айырмашылықтың мазмұны меншік иелерімен капитал операциясына жатпаса, пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Талаптарды қайта қарау контрагенттің қаржылық қиындықтарынан және оның бастапқыда келісілген төлемдерді орындай алмауынан туындаған жағдайда, Қор бастапқы және түзетілген күтілетін ақша ағындарын активтермен шарттық талаптарын модификациялау нәтижесінде актив бойынша тәуекелдер мен пайдалардың айтарлықтай айырмашылығына салыстырады. Егер тәуекелдер мен пайдалар өзгермесе, онда модификацияланған актив пен бастапқы актив арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ және оның модификациясы тануды тоқтатуға әкелмейді. Қор бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені (немесе сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені) шарт бойынша модификацияланған ақша ағындарын дисконттау арқылы жалпы баланстық құнды қайта есептейді де, модификациядан болған пайданы немесе шығынды пайда немесе шығын құрамында таниды.

#### **Қаржылық міндеттемелерді бағалау санаттары**

(i) Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді: бұл жіктеу туынды қаржы құралдарына, саудаға арналған қаржылық міндеттемелерге (мысалы, бағалы қағаздар бойынша қысқа позициялар), бизнесті біріктіру кезінде сатып алушы танытын шартты өтемақыға және бастапқы тану кезінде осылай деп анықталған басқа да қаржылық міндеттемелерге қолданылады; және (ii) қаржылық кепілдік шарттары және кредиттер беру жөніндегі міндеттемелерді есептемегенде, қаржылық міндеттемелер кейіннен амортизацияланған құны бойынша бағаланатын деп жіктеледі.

#### **Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату**

Қаржылық міндеттемелерді тану олар өтелген жағдайда (яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда немесе тоқтатылғанда немесе оның орындалу мерзімі аяқталғанда) тоқтатылады.

### **Ақшалай қаражат пен оның баламалары**

Ақшалай қаражат пен оның баламалары – қолма-қол ақшаның белгілі бір мөлшеріне оңай айырбасталатын және құнның шамалы өзгеруіне ұшырайтын баптар. Ақшалай қаражат пен оның баламалары бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз барлық банкаралық депозиттерді қамтиды. Беру кезінде үш айдан астам кезеңге пайдалану бойынша өздеріне қатысты шектеулер бар қаражат қаржылық жағдай туралы есепте де, ақшалай қаражаты қозғалысы туралы есепте де ақшалай қаражат пен оның баламалары құрамынан шығарылады. Ақшалай қаражат пен оның баламалары амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі, себебі (i) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және бұл ақша ағындары тек борыштың негізгі сомасы пен пайыздар есебіне төлемдерді ғана білдіреді және (ii) олар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаған.

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы есепте ұсынылған төлемдер немесе ақшалай қаражаттың түсімдері Қордың ақшалай қаражаты мен оның баламаларын беруді білдіреді.

### **Салымдар**

Әділ құны бойынша салымдар шартта көзделген ақшалай қаражат ағындарын алуға арналған немесе осындай ағындарды алу және активті сату мақсатындағы салымдарды есептемегенде, шартта көзделген ақша ағындары борыштың негізгі сомасы мен пайыздарының ғана төлемдерін қамтитын және/немесе бизнес-модельдің бөлігі ретінде ұсталатын салымдарды қамтиды. Сондай-ақ, салымдар әділ құн бойынша есепке алу нұсқасын қолдану арқылы пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ретінде жіктелуі мүмкін.

Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын салымдарға шартта көзделген ақша ағындары тек негізгі борыштың және негізгі борыштың өтелмеген бөлігіне пайыздардың төлемдері болып табылатын және мақсаты негізгі борыш пен пайыздардың төлемдері болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын салымдар жатады. Амортизацияланған құны бойынша салымдар қаржылық жағдай туралы есепте күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервтерді шегергендегі амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

### **Инвестициялар**

Бизнес-модель және ақша ағындарының сипаттамалары негізінде Қор бағалы қағаздарға инвестицияларды амортизацияланған құны бойынша және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалау санатына жатқызады. Бағалы қағаздар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі, егер олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталса, бұл ақша ағындары тек борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебіне төлемдерді білдіреді.

Егер борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша көрсету критерийлеріне сәйкес келмесе, олар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетіледі. Егер осы мүмкіндікті пайдалану әртүрлі есепке алу әдістерін пайдалана отырып танылатын немесе бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер арасындағы есептік сәйкессіздікті айтарлықтай азайтса, Қор борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларды бастапқы тану кезінде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатына сөзсіз жатқыза алады.

### **Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар**

Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ипотекалық қарыздар бойынша серіктес банктерден сатып алынған талап ету құқықтарын қамтиды. Осы талаптар бастапқыда әділ құны бойынша және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Талап ету және сенімгерлік басқару құқықтарын беру туралы шарттардың талаптарына сәйкес серіктес банктердің ипотекалық қарыздар бойынша ақшалай қаражат ағындарын алуға (негізгі борыш сомасы мен пайыздық кірістер) келісімшарттық құқықтары және комиссиялық сыйақыны шегергенде, алынған ақшалай қаражатты Қорға беру туралы келісімшарттық міндеттемелері бар:

- Серіктес банктердің көрсетілген ақшалай қаражатты аударуы ипотекалық қарыздар бойынша ай сайынғы жоспарлы өтеулер шартымен елеулі кідіріссіз жүзеге асырылады, қарыз алушылар тарапынан төлемдерді уақтылы төлемеген жағдайда аудару жүзеге асырылмайды.
- Серіктес банктердің осы ипотекалық қарыздарды үшінші тараптарға сатуға немесе кепілге беруге келісім-шарттық құқықтары жоқ.

Толығырақ ақпарат сондай-ақ 9-ескертуде берілген.

### **Негізгі құралдар**

Негізгі құралдардың объектілері амортизацияның жинақталған сомалары мен құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Егер негізгі құралдардың объектісі пайдалы қызмет мерзімі әртүрлі бірнеше компоненттерден тұрса, мұндай компоненттер негізгі құралдардың жеке объектілері ретінде көрсетіледі.

Іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделін қолдану кезінде негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жиналған шығындарды шегеріп, бастапқы құны бойынша есепке алынады. Құнсызданудан болған шығындарды есептеу ХҚЕС (IAS) 36 сәйкес Қордың ішкі құжаттарымен көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Тағайындалған орнына жеткізу, монтаждау, баптау және басқасы сияқты қосымша жұмыстарды қажет ететіндіктен, пайдалануға дайын емес негізгі құралдар олар пайдалануға дайын болған сәтке дейін амортизацияны есептеусіз аяқталмаған құрылыс түрінде есепке алынады.

Қордың балансынан негізгі құралдарды шығынға жазу Қор комиссиясымен немесе тәуелсіз сарапшылармен рәсімделген ақаулар туралы акт болған жағдайда актив пайдалануға жарамсыз болған кезде немесе негізгі құралдар жоғалған кезде жүзеге асырылады.

Негізгі құралдарды баланстан шығару туралы тиісті шешімді (бұйрықты) алғаннан кейін құрылған резервтер есебінен, жинақталған амортизацияны азайту және негізгі құралдардың істен шығуынан болған шығыстарды тану есебінен шығынға жазу жүргізіледі.

Баланстан шығынға жазылған негізгі құралдармен кейінгі әрекеттер, соның ішінде оларды кәдеге жарату Қордың ішкі саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

### **Амортизация**

Негізгі құралдар бойынша амортизацияны есептеу кезінде есептеу әдістері, нормалары, пайдалы қолдану мерзімдері және нормативтік мерзімдері Есеп саясатының қосымшасына сәйкес айқындалады.

Амортизацияға ай сайынғы шығыстар сомасы ағымдағы кезеңнің шығыстарында пайда мен шығындар туралы есепте көрсетіледі.

Пайдалануға дайын негізгі құралдардың амортизациясы негізгі құралдар пайдалануға дайын болған айдан кейінгі айдан басталады.

Амортизацияны есептеу әдісі мен нормалары, сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарына сәйкес негізгі құралдардың жекелеген объектісін пайдаланудың пайдалы және нормативтік мерзімдері қайта қаралған жағдайда, негізгі құралдардың жекелеген объектісінің жаңа амортизациясын есептеу сәйкес қайта қарау жүргізілген айдан кейінгі айдан басталады.

### **Материалдық емес активтер**

Бастапқы тану кезінде материалдық емес активтер өзіндік құны бойынша есепке алынады.

Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделіне сәйкес есептеледі. Іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделін қолданғанда материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жиналған шығындарды шегеріп, өзіндік құны бойынша есепке алынады.

Құнсызданудан болған шығындарды есептеу Қордың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және ХҚЕС (IAS) 36 сәйкес жүргізіледі.

Материалдық емес активтер бойынша амортизацияны есептегенде есептеу әдістері, пайдалы қолдану мерзімдері және нормативтік мерзімдер Есеп саясатының қосымшасына сәйкес айқындалады.

Материалдық емес активтердің амортизациясы материалдық емес активтер пайдалануға дайын болатын айдан кейінгі айдан басталады. Амортизацияны есептеу әдісі мен нормалары, сондай-ақ қолданудың пайдалы және нормативтік мерзімдері қайта қаралған жағдайда, жаңа амортизацияны есептеу сәйкес қайта қарау жүргізілген айдан кейінгі айдан басталады.

Әзірлеу үдерісіндегі, қосымша пысықтауды, тексеруді талап ететіндіктен, пайдалануға дайын емес материалдық емес активтер олар пайдалануға дайын болған сәтке дейін амортизацияны есептеусіз аяқталмаған құрылыс түрінде есептеледі.

Қор балансынан материалдық емес активтерді шығынға жазу әрі қарай пайдалану мақсатқа сай келмеген жағдайда жүзеге асырылады. Материалдық емес активтерді баланстан шығару туралы сәйкес шешім (бұйрық) алғаннан кейін, бұрын құрылған резервтердің, жинақталған амортизацияның азаюы және материалдық емес активтердің істен шығуынан болған шығыстарды тану есебінен шығынға жазылады. Баланстан шығарылған материалдық емес активтермен әрі қарай әрекеттер Қордың ішкі саясаттарына және рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

### **Шығарылған борыштық бағалы қағаздар**

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Қор шығарған облигацияларын қамтиды. Борыштық бағалы қағаздар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Егер Қор өзінің шығарылған борыштық бағалы қағаздарын сатып алса, олар қаржылық жағдай туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген өтемақы арасындағы айырма берешекті мерзімінен бұрын реттеуден түскен кірістердің құрамына енгізіледі.

### **Салық салу**

Қаржылық есептілікте есепті кезеңнің соңында қабылданған немесе мәні бойынша қабылданған салық мөлшерлемелері мен заңнамалық нормаларды пайдалана отырып, заңнама талаптарына сәйкес салық салу жөніндегі шығыстар көрсетілген. Табыс салығы бойынша шығыс ағымдағы салыққа және кейінге қалдырылған салыққа енгізіледі және сол немесе басқа кезеңде өзге жиынтық кірісте немесе тікелей капиталда танылатын операцияларға жатқызылатындықтан, өзге жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда танылатын жағдайларды есепке алмағанда, жыл ішіндегі пайда немесе шығынның құрамында танылады.

Ағымдағы салық ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі салық салынатын пайдаға немесе шығындарға қатысты салық органдарына төлеуге немесе салық органдарының өтеуіне күтілетін табыс салығының сомалары негізінде есептеледі. Егер қаржылық есептілік тиісті салық декларацияларын бергенге дейін бекітілсе, салық салынатын пайда немесе шығын бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Табыс салығын қоспағанда, салықтар бойынша өзге де шығыстар әкімшілік және өзге де операциялық шығыстардың құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығынына және активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың қаржылық есептіліктегі баланстық құны арасында туындайтын уақытша айырмашылықтарға қатысты міндеттемелерді есептеудің баланстық әдісімен есептеледі.

Бастапқы тану үшін ерекшелікке сәйкес кейінге қалдырылған салық, егер бастапқы тану кезіндегі операция бизнесті біріктіру нәтижесінде туындайтын бастапқы тану жағдайларын қоспағанда, не бухгалтерлік, не салық салынатын пайдаға әсер етпесе, активті немесе міндеттемені бастапқы тану кезінде туындайтын уақытша айырмашылықтарға қатысты есепке алынбайды. Кейінге қалдырылған салық салу бойынша активтер мен міндеттемелер есепті кезеңнің соңында қолданыста болатын немесе мәні бойынша қолданылатын және уақытша айырмалар немесе кейінге қалдырылған салық шығындары іске асырылатын кезеңде қолданылады деп күтілетін салық мөлшерлемелерін пайдалана отырып айқындалады.

Салық салынатын базаны кемітетін уақытша айырмалар бойынша кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық шығындары салық салынатын уақытша айырмалар оған қарсы пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі.

### **Міндеттемелер мен аударымдар бойынша резервтер**

Міндеттемелер мен аударымдарға арналған резервтер мерзімі немесе сомасы айқындалмаған қаржылық емес сипаттағы міндеттемелерді білдіреді. Олар Қорда өткендегі қандай да бір оқиғаның нәтижесінде туындаған міндет (құқықтық немесе тәжірибемен шартталған) болған кезде есептеледі. Бұл ретте Қордың осы міндетін реттеу үшін экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың шығуы талап етілуі мүмкін және осы міндеттеменің шамасын сенімді бағалауды орындауға болады.

Төлеу жөніндегі міндеттің туындауының алдындағы кезеңге қатысты ақпарат негізінде реттеуші органдар белгілейтін табыс салығы немесе алымдарды қоспағанда, салықтар сияқты міндетті төлемдер мен аударымдар заңнамада міндетті төлемді төлеу міндеттемесіне әкелетін деп айқындалатын міндетті төлемнің туындауына әкелетін міндеттеуші оқиға болған кезде міндеттемелер ретінде танылады. Егер міндетті төлемді төлеу міндеттеуші оқиға болғанға дейін жүзеге асырылса, бұл төлем алдын ала төлем ретінде танылады.

#### **Сауда және өзге де кредиторлық берешек**

Кредиторлық берешек контрагент өз міндеттемелерін орындаған кезде танылады және амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

#### **Акционерлік капитал**

Жай акциялар меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

#### **Акционермен операциялар**

Қор іске асыратын мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде салымдарды орналастырудан және облигацияларды әділ құны бойынша көрсетуге байланысты оларды сатып алудан дисконтты тану бөлінбеген пайдада көрсетіледі. Кейіннен осы операциялардан қалыптасқан дисконт пайыздық кірістер құрамында амортизацияланады.

#### **Дивидендтер**

Дивидендтер олар жарияланған кезеңде меншікті капиталда көрсетіледі.

Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес пайданы бөлу Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес дайындалған қаржылық есептілік бойынша ағымдағы жылдың таза пайдасы негізінде жүзеге асырылады.

#### **Пайыздық кірістер мен шығыстарды тану**

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатындардан басқа, барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есептеу пайыздық кірістер мен шығыстарға шарттық тараптары төлеген және алған, әрі тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын мәміле шығындарын, сондай-ақ барлық өзге сыйлықақылар мен жеңілдіктер болып табылатын барлық комиссиялар мен төлемдерді қамтиды. Номиналды пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша пайыздық кіріс пайданың немесе шығынның құрамында "Өзге пайыздық кірістер" бабында көрсетіледі.

Кредиттік құнсызданумен құрылған немесе сатып алынған қаржы активтері үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл күтілетін ақша ағындарын (бастапқы күтілетін кредиттік шығындарды қоса алғанда) бастапқы тану кезіндегі әділ құнға дейін (әдетте сатып алу бағасымен ұсынылған) дисконттау мөлшерлемесі. Нәтижесінде тиімді пайыз мөлшерлемесі кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетіледі.

Пайыздық кіріс: (i) құнсызданған (3-саты) және олар үшін пайыздық кіріс олардың амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданып (күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервті шегеріп) есептелетін қаржы активтерін; және (ii) кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизацияланған құнына қолданылатын құрылған немесе сатып алынған кредиттік-құнсызданған қаржы активтерін есептегенде, қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептеледі.

Егер 3-сатыға жатқызылған қаржы активі бойынша кредиттік тәуекел кейіннен активтің кредиттік-құнсыздануын тоқтататындай азаятын болса және мұндай азаю актив кредиттік-құнсызданған деп анықталғаннан кейін болған оқиғаға объективті түрде байланысты болуы мүмкін болған жағдайда (яғни активтің сауығуы орын алса), ол 3-сатыдан қайта жіктеледі және пайыздық түсім жалпы баланстық құнға тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Актив 3-сатыға жатқызылғандықтан бұрын пайда немесе шығын құрамында танылмаған, бірақ қазір активтің сауығуынан кейін оны алу күтілетін қосымша пайыздық кіріс құнсызданудың азаюы ретінде танылады.

### **Шетел валютасын қайта есептеу**

Қордың функционалдық және есептілікті ұсыну валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге болып табылады. Бастапқы тану кезінде шетел валютасындағы операция мәміле жасалған күнгі валютаның нарықтық бағамы бойынша теңгемен есепке алынады. Мәміле жасалған күн халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және шарт талаптарына сәйкес мәмілені тану критерийлері алғаш рет орындалған күн болып табылады.

Әрбір есепті күнге шетел валютасындағы монетарлық баптар есепті кезеңнің соңғы жұмыс күнінде саудасаттықта қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып бағалауға жатады. Пайда болған бағамдық айырмашылықтар кірістер мен шығыстардың құрамында көрсетіледі.

2022ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетел валютасындағы шоттар бойынша қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылған жабудың нарықтық бағамы 1 АҚШ доллары үшін 462.65 қазақстандық теңгені құраған (2021ж. 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 431.80 қазақстандық теңге).

### **Өзара есепке алу**

Қаржы активтері мен міндеттемелер өзара есепке алынуға жатады және қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген сомаларды өзара есепке алуды жүргізуге заңды қорғалған құқық болған жағдайларда ғана, сондай-ақ өзара есепке алуды жүргізу не бір мезгілде активті іске асырып, міндеттемені реттеу ниеті болған жағдайда ғана таза шама көрсетіледі. Қарастырып отырған өзара есепке алу құқығы 1) ықтимал болашақ оқиғаларға тәуелді болмауы керек және 2) келесі жағдайларда: (а) әдеттегі қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында, (ә) төлемдер бойынша міндеттемені орындамаған жағдайда (дефолт оқиғасында) және (б) дәрменсіздік немесе банкроттық жағдайында жүзеге асырудың заңды мүмкіндігі болуға тиіс.

### **Акцияға шаққандағы пайда**

Акцияға шаққандағы пайда - пайданы немесе шығынды жыл ішінде айналыстағы акциялардың орташа өлшенген санына бөлу арқылы есептеледі.

### **Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар**

Жалақыға, мемлекеттік зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына жарналарға, жыл сайынғы ақылы демалыстарға, науқастануға байланысты және сыйлықақыларға арналған шығыстар Қор жұмыскерлерінің тиісті қызмет көрсетуіне қарай есептеледі. Қорда қандай да бір құқықтық немесе жарналары белгіленген мемлекеттік жоспарға сәйкес төлемдерден басқа, зейнетақы немесе осыған ұқсас төлемдерді төлеу бойынша қалыптасқан іскерлік тәжірибеден туындайтын міндеттемелер жоқ.

### **Сегменттік есептілік**

Қордың қызметі жоғары дәрежеде интеграцияланған және «Операциялық сегменттер» ХҚЕС (IFRS) 8 мақсаттары үшін бір есеп беретін операциялық сегмент болып табылады. Операциялық сегмент Қор кірістер алатын немесе шығыстарды (Қор қызметінің басқа компоненттерімен операцияларға қатысты кірістер мен шығыстарды қоса алғанда) көтеретін коммерциялық қызметке тартылатын Қор қызметінің компоненті болып табылады, оның қызметінің нәтижелерін ресурстарды бөлу кезінде және олардың қызметінің қаржылық нәтижелерін бағалау кезінде операциялық шешімдер қабылдауға жауапты тұлға үнемі талдайды және оған қатысты қаржылық ақпарат қолжетімді. Қордың активтері Қазақстан Республикасының аумағында шоғырланған және Қор Қазақстан Республикасында жүргізілетін операциялардан табыс алады. 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор жалғыз сыртқы контрагентпен жасалған мәмілелерден Қор кірісінің кемінде 10 пайызынан асатын кіріс алған жоқ.

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулар**

Қор бағалауды жүргізеді және қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға және келесі қаржы жылы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына ықпал ететін болжамдар жасайды. Бағалаулар мен пайымдаулар басшылық тәжірибесінің және басқа факторлардың, соның ішінде басшылықтың пікірінше, ағымдағы жағдайларға байланысты негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты күтулердің негізінде үнемі талданады. Есеп саясатын қолдану барысында басшылық сондай-ақ пайымдаулар мен бағалауларды да қолданады. Қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін пайымдаулар және нәтижесі келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулер болуы мүмкін бағалаулар келесілерді қамтиды:

##### ***Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау***

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау – бағалау әдістемесі, модельдер және бастапқы деректер қолданылатын маңызды бағалау. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау әдістемесінің егжей-тегжейлері 17-ескертуде көрсетілген. Келесі компоненттер кредиттік шығындарға арналған бағалау резервіне едәуір әсер етеді:

- күтілетін кредиттік шығындарды бағалау деңгейін анықтау: жеке құралдар негізінде немесе ұжымдық негізде;
- Қор қолданатын дефолтты анықтау;
- қамтамасыз етуді бағалау кезінде қабылданған пайымдауларды қоса алғанда, дефолт жағдайында шығынды бағалау;
- кредиттік тәуекелдің елеулі өсуін бағалау критерийлері;

Қор есептелген күтілетін кредиттік шығындар мен кредиттер бойынша нақты шығындар арасындағы алшақтықты азайту мақсатында модельдерді және модельдерге арналған бастапқы деректерді үнемі тексереді және растайды.

Қор күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін расталатын болжамды ақпаратты пайдаланды. 17-ескертуде көрсетілгендей, Қор сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктердің (Standard & Poor's, Fitch, Moody's) рейтингтер жүйелері негізінде тәуекел деңгейлерін бағалауды пайдаланады. Ұйымдардың кредиттік рейтингін анықтау кезінде осы рейтингтік агенттіктер болжамды макроэкономикалық жорамалдарды және түрлі сценарийлерді ескереді. Осылайша, күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезінде кредиттік рейтингтердің деректерін есепке алғанда Қор сондай-ақ осы макроэкономикалық жорамалдар мен сценарийлерді ескереді.

##### ***Кредиттік тәуекелдің едәуір артуы***

Кредиттік тәуекелдің едәуір арту фактісін анықтау үшін Қор есепті күнгі қаржы құралының қолданылу мерзімі ішінде дефолттың болу қаупін бастапқы тану күніндегі дефолттың болу қаупімен салыстырады. Бағалау барысында есепті күнгі кредиттік тәуекелдің нақты деңгейі емес, кредиттік тәуекелдің салыстырмалы ұлғаюы қарастырылады. Қор бірқатар факторларды, соның ішінде нақты клиенттер портфельдерінің мінез-құлық аспектілерін қоса алғанда, шамадан тыс шығындар мен күш-жігерсіз қолжетімді барлық негізделген және расталатын болжамды ақпаратты ескереді. Қор дефолт сәтіне дейін кредиттік тәуекелдің артуының мінез-құлықтық белгілерін және жеке құрал немесе портфель деңгейінде кредиттік тәуекелді бағалауға тиісті болжамды ақпараттың қосылуын анықтайды (17-ескертуде).

2022ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолт ықтималдығын бағалаудың 10%-ға ұлғаюы күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервінің қорытынды сомасының 255,901 мың теңгеге ұлғаюына әкелер еді (2021ж. 31 желтоқсан: 813,752 мың теңгеге).

2022ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолт болған жағдайда шығын мөлшерінің 10%-ға ұлғаюы күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервінің қорытынды сомасының 5,764 мың теңгеге ұлғаюына әкелер еді (2021ж. 31 желтоқсан: 2,122 мың теңгеге). Дефолт жағдайында шығындар мөлшерінің 10%-ға ұлғаюының әсері тек сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар портфелі бойынша есептелді, себебі қаржы құралдары бойынша Базель комитетінің ұсыныстарына сәйкес дефолт болған жағдайда 45%-ға тең шығынның ең аз мөлшері қолданылады.

Егер барлық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар ретінде бағаланса (2022 жылғы желтоқсанда сатып алынған және 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар деп бағаланатын ипотекалық қарыздар бойынша жаңа ұзақ мерзімді талаптардан басқа), 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві 19,387,419 мың теңгеге көбірек болар еді (2021ж. 31 желтоқсан: 65,569,574 мың теңгеге көбірек).



**Ақшалай қаражаттың тек борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне ғана төлемдер деп анықталуына сәйкестігін бағалау (SPPI)**

Қаржы активінен ақша ағындарының тек борыштың негізгі сомасы мен пайыздар төлемдеріне сәйкестігін анықтау үшін пайымдауды қолдану қажет. Осы пайымдауды шығару кезінде Қор төмендегілерді ескереді:

- ақша ағындарының сомасы мен мерзімдерін өзгертетін шартты оқиғалар;
- борыштық жүктеменің сипаттамалары;
- мерзімінен бұрын төлеу және мерзімдерін ұзарту шарттары;
- қордың белгілі бір активтер бойынша ақша ағындарына қатысты талаптарын шектейтін шарттар (мысалы, регрессиясыз қаржыландыру);
- ақшаның уақытша құны элементінің есебін өзгертетін шарттар (мысалы, пайыздық мөлшерлемелерді мерзімді қайта қарау).

SPPI-тестін өтпеген құралдар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады.

**Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптарды тану**

Қор серіктес банктерден ипотекалық қарыздар бойынша сатып алынған талап ету құқықтарын бастапқы тану кезінде есепке талдау жүргізді. Цессия шарттарының талаптарына сәйкес Қор бұдан әрі алынған талаптарды серіктес банктердің келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқылы. Қор ҚРҰБ бағдарламасы шеңберінде сатып алынған ипотекалық кредиттер бойынша талап ету құқықтарының номиналды сомасы көрсетілген критерийлер негізінде нарықтың жекелеген сегментін білдіретін олардың әділ құнын көрсететінін анықтады.

**Кейінге қалдырылған салық активін тану**

Танылған кейінге қалдырылған салық активі болашақ табыс салығына қарсы есептелуі мүмкін табыс салығының сомасын білдіреді және қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активі тиісті экономикалық тиімділікті пайдалану мүмкін болатын дәрежеде ғана танылады. Болашақ салық салынатын пайданы және болашақта есепке жатқызылуы мүмкін салық шегерімдерінің сомасын анықтау орта мерзімді бизнес-жоспарға және оны болашаққа экстраполяциялау нәтижелеріне негізделген. Бизнес-жоспар осы жағдайларда негізделген деп саналатын күтулерге негізделген.

ХҚЕС (IAS) 12 сәйкес, болашақ салық салынатын ықтимал пайданы бағалау - өтемақыны алу ықтималдығы туралы жеткілікті дәлелдер болған жағдайда, Қордың кейбір активтерінің баланстық құнынан асатын сомада өтелуін көздеуі мүмкін. Қор өтеу ықтималдығы салық салу мөлшерлемесін ескере отырып, номиналды құны мен баланстық құны арасындағы айырма мөлшерінде жоғары деп бағаланатын салымдар мен борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларға қатысты кейінге қалдырылған салық активін таниды (16-ескерту).

**Байланысты тараптармен операцияларды бастапқы тану**

Қор өзінің әдеттегі қызметі барысында ҚРҰБ қаулыларына сәйкес операциялар жүргізеді. ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша танылуы керек. Мұндай операциялар үшін белсенді нарық болмаған жағдайда, операциялар нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылғанын анықтау мақсатында пайымдаулар қолданылады. Пайымдаудың негізі тиімді (нарықтық) пайыздық мөлшерлемені талдау болып табылады. 2022 жылы Қор мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде салымдарды орналастырып, кейінге қалдырылған салық есебімен капиталда бастапқы танудан 11,897,348 мың теңге сомасында шығынды таныды (2021 ж.: 40,127,562 мың теңге). Сондай-ақ, 2022 жылы Қор корпоративтік облигацияларды сатып алып, кейінге қалдырылған салық есебімен капиталда бастапқы танудан 6,571,585 мың теңге сомасында шығынды таныды (2021 ж.: 101,332,082 мың теңге). Бастапқы тану күні Қор нарық шарттарында әділ құнды анықтады. Бұл ретте біз ХБЕС (IAS 20) және ТТК (SIC) 10 барлық талаптарын талдап, қарыздың әділ құны мен алынған ақшалай қаражат арасындағы айырмашылық, шын мәнінде, жалғыз акционерге бөлуді білдіреді деген қорытындыға келдік. Осы қаржы активтерінің әділ құнын бағалау кезінде біз өр контрагенттің кредиттік тәуекелдерін қолдандық. Қазақстан қазынашылығының қағаздары негізінде айқындалған тәуекелсіз мөлшерлемелер кредиттік тәуекел және/немесе кредиттік спрэд үшін сыйлықақыға түзетілді. Байланысты тараптармен операцияларға қатысты шарттар 20-ескертуде көрсетілген.

## 5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерді қолдану

### Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС

Ағымдағы жылы Қор 2022 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі есепті кезең үшін міндетті түрде күшіне енетін ХҚЕС жөніндегі кеңес шығарған ХҚЕС бірқатар түзетулерін қолданды. Оларды қабылдау ақпаратты ашуға немесе осы қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға айтарлықтай әсер еткен жоқ.

- ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» - «Болжалды пайдалануға дейінгі түсім» түзетулері;
- ХҚЕС (IAS) 37 «Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» - «Шығынды шарттар - келісімшартты орындау құны» түзетулері;
- ХҚЕС жыл сайынғы жақсартулары, 2018-2020 жж. циклы

### Шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС

Осы қаржылық есептілікті бекіткен сәтте Қор шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген келесі жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданған жоқ:

Жаңа немесе қайта қаралған стандарт немесе түсіндірме	Күшіне енетін күні - төмендегілерден кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін
ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» түзетулері	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» және ХҚЕС бойынша 2-практикалық нұсқаулық - «Есеп саясатын ашу» түзетулері	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» - «Бухгалтерлік бағалауды анықтау» түзетулері	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 12 «Табыс салықтары» - «Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық» түзетулері	2023 ж. 1 қаңтар

Қор жоғарыда көрсетілген стандарттарды қолдану келесі кезеңдердегі Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

## 6 Ақшалай қаражат пен оның баламалары

Қазақстанның мың теңгеде	2022 ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
ҚРҰБ-дағы ағымдағы шоттар	768,984,470	806,109,386
ҚРҰБ-дағы қысқа мерзімді салымдар	108,420,785	58,946,157
ҚРҰБ-дағы инвестициялық шот	1,359	508
Бас банктердегі ағымдағы шоттар	512	508
<b>Ақшалай қаражат пен оның баламалары жиыны</b>	<b>877,407,126</b>	<b>865,056,559</b>

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв нөл теңгені құрады. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау мақсатында ақшалай қаражат пен оның баламаларының қалдықтары 1-сатыға енгізілген. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау тәсілі 17-ескертуде келтірілген.

Ақшалай қаражат пен оның баламаларының пайыздық мөлшерлемелерін талдау 17-ескертуде көрсетілген. Байланысты тараптармен операциялар туралы ақпарат 20-ескертуде көрсетілген.

**7 Салымдар**

Қазақстанның мың теңгеде	Орналас- тыру күні, жыл	Өтеу күні, жыл	Тиімді сыйақы мөлшерлеме сі	2022ж. 31 желтоқсан	2021 ж. 31 желтоқсан
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын салымдар	2018 – 2022	2036 – 2052	10.87% - 15.17%	69,015,626	58,367,031
Пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша бағаланатын салымдар	2018	2045	12.09% - 19.41%	25,486,008	38,508,312
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті шегергенде				(275,622)	(197,917)
<b>Салымдар жиыны</b>				<b>94,226,012</b>	<b>96,677,426</b>

**(а) Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын салымдар**

Төмендегі кестеде кредиттік тәуекел деңгейлері негізінде 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салымдардың кредиттік сапасына талдау, сондай-ақ күтілетін кредиттік шығындарды бағалау мақсатында оларды үш саты бойынша көрсету ұсынылған. Қор пайдаланатын кредиттік тәуекелді сатылар бойынша жіктеу жүйесінің сипаттамасы, соның ішінде дефолтты және басқа банктердегі қаражат қалдықтарына қатысты кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын анықтау 17-ескертуде келтіріледі.

Қазақстанның мың теңгеде	1-саты	2-саты	3-саты	2022ж. 31 желтоқсан
<b>Банктердегі салымдар</b>				
<i>Кредиттік рейтингі</i>				
- ВВ- бастап ВВ+ дейін	64,393,686	-	-	64,393,686
- В- бастап В+ дейін	3,501,595	6,228	-	3,507,823
- рейтингі жоқ	921,546	164,151	28,420	1,114,117
<b>Жалпы баланстық құны</b>	<b>68,816,827</b>	<b>170,379</b>	<b>28,420</b>	<b>69,015,626</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті шегергенде	(175,537)	(71,665)	(28,420)	(275,622)
<b>Баланстық құны</b>	<b>68,641,290</b>	<b>98,714</b>	<b>-</b>	<b>68,740,004</b>

Қазақстанның мың теңгеде	1-саты	3-саты	2021ж. 31 желтоқсан
<b>Банктердегі салымдар</b>			
<i>Кредиттік рейтингі</i>			
- ВВ- бастап ВВ+ дейін	51,108,155	-	51,108,155
- В- бастап В+ дейін	6,352,070	-	6,352,070
- рейтингі жоқ	878,386	28,420	906,806
<b>Жалпы баланстық құны</b>	<b>58,338,611</b>	<b>28,420</b>	<b>58,367,031</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті шегергенде	(169,497)	(28,420)	(197,917)
<b>Баланстық құны</b>	<b>58,169,114</b>	<b>-</b>	<b>58,169,114</b>

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

2022 жыл ішінде амортизацияланған құны бойынша салымдарды бастапқы танудан салықтарды шегергенде капиталда 11,897,348 мың теңге сомада шығын көрсетілді (2021: 40,127,562 мың теңге).

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салымдардың қалдықтарында қамтамасыз ету жоқ. Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервке төменде аталған бірқатар факторлар әсер етеді:

- 1-саты мен 2 немесе 3-сатылар арасындағы ауыстыру, себебі қалдықтар бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы (немесе азаюы) немесе 12 ай ішінде немесе бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындардың кейінгі артуымен (немесе төмендеуімен) кезең ішінде құнсыздануы орын алған;
- кезең ішінде танылған жаңа қаржы құралдары үшін қосымша резервтер құру, сондай-ақ кезең ішінде танылуы тоқтатылған қаржы құралдарына қатысты оларды азайту;
- күтілетін кредиттік шығындар модельдерінің бастапқы деректерін жүйелі жаңарту нәтижесінде туындайтын, кезең ішінде дефолт ықтималдығы («PD»), дефолт кезіндегі берешек («EAD») және дефолт кезіндегі шығын («LGD») көрсеткіштеріндегі күтілетін кредиттік шығындарды бағалауға әсер ету;
- модельдер мен жорамалдарға енгізілген өзгерістердің күтілетін кредиттік шығындарын бағалауға әсері;
- уақыт өте келе күтілетін кредиттік шығындардағы дисконттың амортизациясы, себебі күтілетін кредиттік шығындар келтірілген құн негізінде бағаланады;
- шетел валюталарында деноминацияланған активтер үшін валюталарды қайта есептеу және басқа да өзгерістер;
- кезең ішінде танылуы тоқтатылған қаржы активтері және кезең ішінде есептен шығарылған активтерге қатысты бағалау резервтерін есептен шығару.

Төмендегі кестеде осы факторлардың әсерінен 2022 және 2021 жылдары болған күтілетін кредиттік шығындар мен салымдардың жалпы баланстық құны бойынша резервтегі өзгерістер түсіндіріледі:

Қазақстандық мың теңгеде	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв				Жалпы баланстық құны			
	1-саты	2-саты	3-саты	Жиыны	1-саты	2-саты	3-саты	Жиыны
<b>Амортизацияланған құны бойынша банктердегі салымдар</b>								
2022 ж. 1 қаңтарда	(169,497)	-	(28,420)	(197,917)	58,338,611	-	28,420	58,367,031
Ауыстыру:								
- Бүкіл мерзім үшін ККШ (1-сатыдан 2-сатыға)	379	(379)	-	-	(156,673)	156,673	-	-
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(116)	-	-	(116)	11,460	-	-	11,460
Күтілетін кредиттік шығындар моделінің жорамалдарындағы өзгерістер	-	(65,843)	-	(65,843)	-	-	-	-
Өзге өзгерістер*	(6,303)	(5,443)	-	(11,746)	10,623,429	13,706	-	10,637,135
<b>2022 ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>(175,537)</b>	<b>(71,665)</b>	<b>(28,420)</b>	<b>(275,622)</b>	<b>68,816,827</b>	<b>170,379</b>	<b>28,420</b>	<b>69,015,626</b>
2021 ж. 1 қаңтарда	(3,182,938)	-	-	(3,182,938)	371,494,608	-	28,420	371,523,028
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(410)	-	-	(410)	43,921	-	-	43,921
Кезең ішінде тануды тоқтату	3,022,906	-	-	3,022,906	(320,861,795)	-	-	(320,861,795)
Күтілетін кредиттік шығындар моделінің жорамалдарындағы өзгерістер	-	-	(28,420)	(28,420)	-	-	-	-
Өзге өзгерістер*	(9,055)	-	-	(9,055)	7,661,877	-	-	7,661,877
<b>2021 ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>(169,497)</b>	<b>-</b>	<b>(28,420)</b>	<b>(197,917)</b>	<b>58,338,611</b>	<b>-</b>	<b>28,420</b>	<b>58,367,031</b>

\* Өзге өзгерістер қолданыстағы шарттар шеңберінде банктерде салымдарды қосымша орналастыру арқылы ұсынылған.

**(б) Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын салымдар**

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын салымдар ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы бойынша банктік салымдарға инвестицияларды қамтиды. Бұндай инвестициялар SPPI (тек негізгі сома мен пайыздарды ғана төлеу) критерийіне сәйкес келмейді, себебі ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы бойынша банктік салымдардың сыйақысы белгіленбеген, өйткені банктер аталған бағдарлама шеңберінде қайта қаржыландырылған әрбір ипотекалық қарыз бойынша мемлекеттік баж және бағамдық айырма бойынша шығындарды жабу үшін сыйақыны ішінара немесе толық ұстап қалады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын салымдар әділ құны бойынша танылады, ол сондай-ақ кредиттік төуекелге байланысты тиісті есептен шығаруды көрсетеді және Қордың ең жоғары кредиттік төуекелі туралы ең дәл ақпаратты береді.

2022ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 3 контрагент-банк болған, олардың салымдарының жалпы жиынтық сомасы 23,582,088 мың теңгені (2021ж. 31 желтоқсан: 34,299,289 мың теңге) немесе салымдардың жалпы сомасының 93% құрған (2021ж. 31 желтоқсан: 89%).

19-ескертуде салымдардың әділ құнын бағалау көрсетілген. Салымдардың пайыздық мөлшерлемелерін талдау 17-ескертуде көрсетілген. Байланысты тараптармен операциялар туралы ақпарат 20-ескертуде көрсетілген.

**8 Бағалы қағаздарға инвестициялар**

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>2022 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2021 ж. 31 желтоқсан</b>
Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар	1,208,836,514	1,314,347,448
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша инвестициялар	222,296,022	266,724,621
<b>Бағалы қағаздарға инвестициялар жиыны</b>	<b>1,431,132,536</b>	<b>1,581,072,069</b>

Төмендегі кестелерде 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бағалы қағаздарға инвестициялар санаттар мен бағалау кластары бойынша көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалы қағаздар</b>	<b>Амортизация- ланған құны бойынша бағалы қағаздар</b>	<b>Жиыны</b>
Корпоративтік облигациялар	222,296,022	1,063,548,104	1,285,844,126
Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	-	147,586,976	147,586,976
<b>2022ж. 31 желтоқсандағы бағалы қағаздарға инвестициялар жиыны (әділ құны немесе жалпы баланстық құны)</b>	<b>222,296,022</b>	<b>1,211,135,080</b>	<b>1,433,431,102</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті шегергенде	-	(2,298,566)	(2,298,566)
<b>2022ж. 31 желтоқсандағы бағалы қағаздарға инвестициялар жиыны</b>	<b>222,296,022</b>	<b>1,208,836,514</b>	<b>1,431,132,536</b>

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалы қағаздар	Амортизацияланған құны бойынша бағалы қағаздар	Жиыны
Корпоративтік облигациялар	266,724,621	1,157,589,551	1,424,314,172
Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	-	164,714,532	164,714,532
<b>2021ж. 31 желтоқсандағы бағалы қағаздарға инвестициялар жиыны (әділ құны немесе жалпы баланстық құны)</b>	<b>266,724,621</b>	<b>1,322,304,083</b>	<b>1,589,028,704</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті шегергенде	-	(7,956,635)	(7,956,635)
<b>2021ж. 31 желтоқсандағы бағалы қағаздарға инвестициялар жиыны</b>	<b>266,724,621</b>	<b>1,314,347,448</b>	<b>1,581,072,069</b>

**(а) Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар**

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Сатып алу күні, жыл	Өтеу күні, жыл	Номи-налды мөлшерлеме	Нарықтық мөлшерлеме	2022ж. 31 желтоқсан	2021ж. 31 желтоқсан
Кредиттік рейтингі В болып табылатын екінші деңгейдегі банктердің реттелген облигациялары	2017 – 2018	2032	4.00%	16.92% – 16.94%	159,433,913	224,499,562
Кредиттік рейтингі В+ болып табылатын екінші деңгейдегі банктердің реттелген облигациялары	2017	2032 – 2040	0.10% – 4.00%	14.09% – 15.02%	47,805,660	22,153,471
Кредиттік рейтингі В- болып табылатын екінші деңгейдегі банктердің реттелген облигациялары	2020	2035	4.00%	20.12%	14,439,451	19,763,054
«Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ	2019 – 2022	2049 – 2052	0.10% – 2.99%	10.86% – 10.94%	616,998	308,534
<b>Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалы қағаздар жиыны</b>					<b>222,296,022</b>	<b>266,724,621</b>

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестицияларды қамтиды. Бұндай инвестициялар SPPI критерийіне (тек негізгі сома мен пайыздардың төлемдері) сәйкес келмейді. Сыйақы төлеу жоғарыда ұсынылған барлық құралдар бойынша жылына бір рет жүзеге асырылады, тек «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ-ға инвестициялар бойынша сыйақы төлемдері жылына 4 рет жүргізіледі. Бастапқы тану кезінде бұл инвестициялар әділ құны бойынша көрсетілген және инвестицияларды бағалау ұқсас құралдар үшін бақыланатын көздерден алынған деректерді пайдалана отырып, шарттық ақша ағындарын дисконттау арқылы жүзеге асырылған. Сатып алу құны мен әділ құн арасындағы айырмашылық капитал құрамындағы мүмкіндіктер бойынша шығын ретінде танылды, себебі Тұжырымдамалық негіздерге сәйкес қаржылық есептілікті дайындау үшін меншік иелерінің пайдасына бөлу және олардың тарапынан жарналар пайдадан немесе шығыннан алынып тасталады және капитал құрамында танылады (4-ескерту).

Бұл инвестицияларды бір мезгілде бірқатар шарттарды орындаған кезде, олардың бірі ҚРҰБ және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мақұлдауын алу болып табылатын эмитенттің бес жыл өткеннен кейін мерзімінен бұрын сатып алуына құқылы. Қор инвестицияларды мерзімінен бұрын сатып алу туралы талап қоюға құқылы емес.

«Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ-ға инвестициялар мен эмитенттері бірқатар шарттарды орындаған және ҚРҰБ және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің («Агенттік») мақұлдауын алған инвестициялардан басқа, жоғарыда ұсынылған инвестициялар бір және/немесе бірнеше шектеу бұзылған жағдайда эмитенттердің жай акцияларына айырбасталуы мүмкін. Шектеулер капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін міндетті түрде орындаумен және эмитенттің басшы қызметкерлері мен оның акционерлері тарапынан эмитенттердің активтерін шығару бойынша іс қимыл фактілерінің болмауымен ұсынылған. Шектеулер (ковенанттар) Эмитентте оң айырма және әлеуетті капиталды түзетулер болған мерзімде Эмитентке қолданылады және Агенттік оң айырма және (немесе) капиталды әлеуетті түзетулер есептелетін әрбір актив бойынша Эмитенттің оң айырманы және капиталды әлеуетті түзетулерді нөлге дейін жеткізу жөніндегі міндеттемелерін орындау фактісін таныған күннен бастап күші жойылады.

Айырбастау коэффициенті бір инвестиция құнының эмитенттің бір акциясының қалдық құнына қатынасы болып табылады. Жай акцияларға айырбастау осындай айырбастау үшін қандай да бір сыйақы төлеусіз жүзеге асырылады және оны ҚРҰБ/Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің басқармасы мақұлдауы тиіс.

Төменде көрсетілген опциондар жоғарыда келтірілген инвестицияларға енгізілген:

- Қордың опционы - бір және/немесе бірнеше шектеу бұзылған жағдайда ҚРҰБ/Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі басқармасының мақұлдауын алған жағдайда инвестицияларды эмитенттің жай акцияларына айырбастауды жүзеге асыру;
- Эмитенттердің опционы - бес жыл өткеннен кейін инвестицияларды мерзімінен бұрын сатып алуды жүзеге асыру.

Бұл опциондар борыштық құралдардың негізгі шарттарымен тығыз байланысы жоқ кіріктірілген туынды қаржы құралдарының сипаттамаларын көрсетеді. Құралдың иесі тұрғысынан айырбасталатын борыштық құралға кіріктірілген үлестік бағалы қағаздарға айырбастау құқығының экономикалық сипаттамалары мен тәуекелдерінің негізгі борыштық құралмен тығыз байланысы жоқ. Бұл құралдар капиталды тарту нұсқаларының бірі болып табылады, ол банктерге капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін нығайту есебінен капиталға қойылатын нормативтік талаптарды қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалы қағаздар қамтамасыз етілмеген.

**(б) Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар**

Қазақстандық мың теңгеде	Сатып алу күні, жыл	Өтеу күні, жыл	Номиналды мөлшер-леме	Нарықтық мөлшерлеме	2022ж. 31 желтоқсан	2021ж. 31 желтоқсан
Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор компанияларының облигациялары	2019 – 2021	2023 – 2041	0.15% – 10.75%	8.52% – 15.83%	1,049,016,022	1,187,624,261
Екінші деңгейдегі банктердің облигациялары	2018 – 2022	2025 – 2045	0.10% – 17.50%	12.03% – 20.69%	162,119,058	131,897,147
Өзге ұйымдардың облигациялары	2017	2032	0.01%	11.94%	-	2,782,675
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті шегергенде					(2,298,566)	(7,956,635)
<b>Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар жиыны</b>					<b>1,208,836,514</b>	<b>1,314,347,448</b>

Қор өз қызметін ҚРҰБ-ның қаржылық тұрақтылық пен баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттері, сондай-ақ ҚРҰБ бекіткен бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырады.

Қордың қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі негізгі бағдарламалары:

- ҚРҰБ Басқармасының 2017 ж. 30 маусымдағы №129 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасы;
- ҚРҰБ Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі №69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы.

Нарық жағдайында экономиканың дамуын қаржылық қолдау шараларын іске асыру жөніндегі Қордың негізгі бағдарламалары:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №820 қаулысымен бекітілген Қолжетімді несиелендіру мәселесін шешу үшін ұзақ мерзімді теңге өтімділігін қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы (Экономиканың басым жобаларының дамуын қаржылық қолдау бағдарламасы – «Қарапайым заттар экономикасы»);
- ҚРҰБ Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы №39 қаулысымен бекітілген Кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы;
- ҚРҰБ Басқармасының 2018 ж. 31 мамырдағы №107 қаулысымен бекітілген «7-20-25» ипотекалық тұрғын үйді несиелеу бағдарламасы. Әр отбасы үшін тұрғын үй сатып алудың жаңа мүмкіндіктері;
- Тұрғын үй нарығында ұзақ мерзімді кредиттеуді ынталандыру тәсілдері шеңберінде ҚРҰБ басқармасы 2018 жылғы 29 маусымдағы №123 мақұлдаған «Баспана Хит» нарықтық ипотекалық өнім бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 ж. 27 наурыздағы № 55-р өкімімен бекітілген «Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған Жол картасы» бағдарламасы.

Төмендегі кестелерде 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша бағалы қағаздардың кредиттік тәуекел деңгейлері негізіндегі кредиттік сапасын талдау ұсынылған, сондай-ақ күтілетін кредиттік шығындарды бағалау мақсаттары үшін үш саты бойынша көрсетілген. Қор пайдаланатын деңгейлер бойынша кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесінің сипаттамасы және дефолтты және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарға қатысты кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін анықтауды қоса алғанда, күтілетін кредиттік шығындарды бағалау тәсілі 17-ескертуде келтірілген. Төмендегі кестеде амортизацияланған құны бойынша бағалы қағаздардың баланстық құны сондай-ақ 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың осы активтер бойынша кредиттік тәуекелге барынша ұшырағыштығын көрсетеді:

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	1-саты	Жиыны 2022ж. 31 желтоқсан
<b><i>Екінші деңгейдегі банктердің облигациялары</i></b>		
- В- бастап В+ дейін	162,119,058	162,119,058
<b>Жалпы баланстық құн</b>	<b>162,119,058</b>	<b>162,119,058</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(1,724,408)	(1,724,408)
<b>Баланстық құны</b>	<b>160,394,650</b>	<b>160,394,650</b>
<b><i>Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор компанияларының облигациялары</i></b>		
- ВВВ- бастап ВВВ+ дейін	1,017,959,014	1,017,959,014
- ВВ- бастап ВВ+ дейін	31,057,008	31,057,008
<b>Жалпы баланстық құн</b>	<b>1,049,016,022</b>	<b>1,049,016,022</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(574,158)	(574,158)
<b>Баланстық құн</b>	<b>1,048,441,864</b>	<b>1,048,441,864</b>



**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

Қазақстандық мың теңгеде	1-саты	СҚКҚ	Жиыны 2021ж. 31 желтоқсан
<b>Екінші деңгейдегі банктердің облигациялары</b>			
- BB- бастап BB+ дейін	2,183,562	-	2,183,562
- B- бастап B+ дейін	129,713,585	-	129,713,585
<b>Жалпы баланстық құн</b>	<b>131,897,147</b>	<b>-</b>	<b>131,897,147</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(1,489,395)	-	(1,489,395)
<b>Баланстық құн</b>	<b>130,407,752</b>	<b>-</b>	<b>130,407,752</b>
<b>Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор компанияларының облигациялары</b>			
- BBB- бастап BBB+ дейін	1,010,808,614	-	1,010,808,614
- BB- бастап BB+ дейін	30,649,459	-	30,649,459
- рейтингі жоқ	146,166,188	-	146,166,188
<b>Жалпы баланстық құн</b>	<b>1,187,624,261</b>	<b>-</b>	<b>1,187,624,261</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(6,467,240)	-	(6,467,240)
<b>Баланстық құн</b>	<b>1,181,157,021</b>	<b>-</b>	<b>1,181,157,021</b>
<b>Өзге ұйымдардың облигациялары</b>			
- рейтингі жоқ	-	2,782,675	2,782,675
<b>Жалпы баланстық құн</b>	<b>-</b>	<b>2,782,675</b>	<b>2,782,675</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	-	-	-
<b>Баланстық құн</b>	<b>-</b>	<b>2,782,675</b>	<b>2,782,675</b>

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша бағалы қағаздар қамтамасыз етілмеген.

Төмендегі кестелерде 2022 және 2021 жж. ішінде болған, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар үшін күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтегі мен жалпы баланстық құнындағы өзгерістер түсіндіріледі:

Қазақстандық мың теңгеде	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв 1-саты	Жалпы баланстық құн 1-саты
<b>Екінші деңгейлі банктердің облигациялары</b>		
2022 ж. 1 қаңтарда	(1,489,395)	131,897,147
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(304,648)	25,986,971
Күтілетін кредиттік шығындар моделінің жорамалдарындағы өзгерістер	93,712	-
Есептелген пайыздар мен дисконттың амортизациясындағы өзгерістер	(18,188)	4,216,758
Өзге өзгерістер	(5,889)	18,182
<b>2022ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>(1,724,408)</b>	<b>162,119,058</b>

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша	
	резерв 1-саты	Жалпы баланстық құн 1-саты
<b>Екінші деңгейлі банктердің облигациялары</b>		
2021 ж. 1 қаңтарда	(2,215,017)	118,549,231
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(304,582)	23,121,488
Кезең ішінде тануды тоқтату	35,900	(5,035,237)
Күтілетін кредиттік шығындар моделінің жорамалдарындағы өзгерістер	881,723	-
Есептелген пайыздар мен дисконттың амортизациясындағы өзгерістер	112,581	(4,738,335)
<b>2021ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>(1,489,395)</b>	<b>131,897,147</b>

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша	
	резерв 1-саты	Жалпы баланстық құн 1-саты
<b>Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор компанияларының облигациялары</b>		
2022 ж. 1 қаңтарда	(6,467,240)	1,187,624,261
Күтілетін кредиттік шығындар моделінің жорамалдарындағы өзгерістер	3,134,487	-
Кезең ішінде тануды тоқтату	-	(17,567,666)
Активтер істен шыққанда шығынға жазу	2,732,227	(146,166,187)
Есептелген пайыздар мен дисконттың амортизациясындағы өзгерістер	26,368	25,125,614
<b>2022ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>(574,158)</b>	<b>1,049,016,022</b>

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша	
	резерв 1-саты	Жалпы баланстық құн 1-саты
<b>Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор компанияларының облигациялары</b>		
2021 ж. 1 қаңтарда	(626,270)	1,020,259,553
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(5,958,062)	191,163,459
Кезең ішінде тануды тоқтату	25,777	(30,937,906)
Күтілетін кредиттік шығындар моделінің жорамалдарындағы өзгерістер	(20,231)	-
Есептелген пайыздар мен дисконттың амортизациясындағы өзгерістер	111,546	7,139,155
<b>2021ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>(6,467,240)</b>	<b>1,187,624,261</b>

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв Сатып алынған немесе құрылған кредиттік құнсызданған қаржы активтері	Жалпы баланстық құн Сатып алынған немесе құрылған кредиттік құнсызданған қаржы активтері
<b>Өзге ұйымдардың облигациялары</b>		
2022 ж. 1 қаңтарда	-	2,782,675
Бұрын шығынға жазылған активтерді қалпына келтіру	(1,465,655)	1,465,655
Өтеулер	1,465,655	(4,248,330)
<b>2022ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>-</b>	<b>-</b>

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв Сатып алынған немесе құрылған кредиттік құнсызданған қаржы активтері	Жалпы баланстық құн Сатып алынған немесе құрылған кредиттік құнсызданған қаржы активтері
<b>Өзге ұйымдардың облигациялары</b>		
2021 ж. 1 қаңтарда	-	3,369,007
Бұрын шығынға жазылған активтерді қалпына келтіру	(5,073,364)	4,487,032
Өтеулер	5,073,364	(5,073,364)
<b>2021ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>-</b>	<b>2,782,675</b>

2022 жыл ішінде Қордың жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес облигациялармен ұсынылған, Қор 2020 және 2021 жылдары сатып алған Қордың «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-ға амортизациялық құны бойынша инвестициялар жөніндегі талаптары бойынша мәміле жасалып, аяқталды, нәтижесінде істен шығару күніндегі облигациялардың амортизацияланған құны 2022 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші капиталдағы өзгерістер туралы есепте танылды, себебі Қаржылық есептілікті дайындаудың тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес меншік иелерінің пайдасына бөлулер және олардың тарапынан жарналар пайда мен шығынның құрамынан шығарылып, капитал құрамында танылады. Бұл мәміле ақшалай қаражат қозғалысы туралы есептен алынып тасталды, себебі бұл ақшасыз операция болатын.

Өзге ұйымдардың облигациялары СҚКҚ санатына жіктелген СК ДСФК ЖШС-ке инвестициялармен ұсынылған.

Кезең ішінде танылған сатып алынған немесе құрылған құнсызданған қаржы активтері үшін бастапқы тану кезінде дисконтталмаған күтілетін кредиттік шығындардың жалпы сомасы нөл теңгені құрады.

## **9 Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар**

Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар серіктестер-коммерциялық банктерден сатып алынған теңгедегі ипотекалық кредиттер бойынша талап ету құқықтары үшін алуға жататын сомаларды қамтиды. Серіктес банктер берген ипотекалық кредиттер Бағдарламаның талаптарына сәйкес келетін жеке тұлғаларға, Қазақстан Республикасының азаматтарына берілген.

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	2022ж. 31 желтоқсан	2021ж. 31 желтоқсан
Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптардың жалпы баланстық құны,	1,064,140,851	811,173,076
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті шегергенде	(57,639)	(21,222)
<b>Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар жиыны</b>	<b>1,064,083,212</b>	<b>811,151,854</b>

2022 және 2021 ж. ішінде Қор «7-20-25. Әр отбасы үшін тұрғын үй сатып алудың жаңа мүмкіндіктері» Ипотекалық тұрғын үйді несиелеу бағдарламасы (бұдан әрі – «7-20-25» бағдарламасы) және «Баспана хит» нарықтық ипотека өнімі (бұдан әрі – «Баспана хит» бағдарламасы) шеңберінде екінші деңгейлі тоғыз банктен ипотекалық қарыздар портфельдерін сатып алды.

«7-20-25» бағдарламасын Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» халыққа үндеуінде айтылған «Әрбір отбасы үшін тұрғын үй сатып алудың жаңа мүмкіндіктері» бірінші бастама міндеттерін іске асыру мақсатында 2018 жылғы мамырда ҚРҰБ бекітті, оның шеңберінде азаматтарға бастапқы нарықта тұрғын үй сатып алу үшін ипотекалық тұрғын үй қарыздары беріледі. «7-20-25» бағдарламасының негізгі шарттары: ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша сыйақының жылдық номиналды мөлшерлемесі - жылдық 7%; бастапқы жарна - кепілдік қамтамасыз ету құнының 20% бастап; ипотекалық тұрғын үй қарызының мерзімі - 25 жылға дейін. Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны: Нұр – Сұлтан, Алматы қалалары (қала маңындағы аймақтарды қоса алғанда), Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін - 25 миллион теңге; Қарағанды қаласы үшін – 20 миллион теңге; басқа өңірлер үшін – 15 миллион теңге. Әлеуетті қарыз алушыға қойылатын талаптар: Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы, расталған табыстың болуы, ипотекалық тұрғын үй кредиттері бойынша өтелмеген берешектің болмауы және Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғын үйдің болмауы.

Екінші деңгейдегі банктер «7-20-25» бағдарламасына қатысуға оларда сенім білдірушінің мүдделерінде және тапсырмасы бойынша сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптарды сенімгерлік басқаруға лицензиясы бар болғанда және олар келесі критерийлер талаптарының бірін орындаған жағдайда ғана жіберіледі:

- 1) «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша кемінде «В-» ұзақ мерзімді кредиттік рейтингінің немесе «Moody's Investors Service» және «Fitch» агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша ұқсас деңгейлі рейтингінің болуы, сондай-ақ нарықтағы банк секторының жиынтық активтерінің кемінде 1,0% үлесі;
- 2) банк Ұлттық банк басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы №129 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасының қатысушысы болып табылады.

«7-20-25» бағдарламасына қатысу критерийлеріне сәйкес келетін банктер мен Қор арасында Бағдарламаны іске асыру туралы келісім жасалады, ол банктердің Бағдарлама шеңберінде ипотекалық кредиттер беруіне негіз болып табылады.

«Баспана-хит» бағдарламасы 2018 жылдың қыркүйегінде Қазақстан халқына бастапқы нарықта да (дайын және үлестік қатысу шеңберінде салынып жатқан), сондай-ақ қайталама нарықта да тұрғын үй сатып алуға ипотекалық қарыздар беру үшін тұрғын үй нарығында ұзақ мерзімді кредиттеуді ынталандыру тәсілдеріне сәйкес іске қосылды.

«Баспана-хит» бағдарламасының негізгі талаптары: қарыз бойынша сыйақының жылдық номиналды мөлшерлемесі - ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі + 175 базистік пункт; бастапқы жарна - сатып алынатын тұрғын үйдің нарықтық құнының 20%-ынан бастап; қарыз мерзімі – 15 жылға дейін. Сатып алынатын тұрғын үйдің максималды құны: Нұр-сұлтан және Алматы қалалары үшін 35 миллион теңге (бастапқы нарықта) және 25 миллион теңге (қайталама нарықта); Ақтау, Атырау және Шымкент қалалары үшін 25 миллион теңге; Қарағанды қаласы үшін 20 миллион теңге; басқа өңірлер үшін 15 миллион теңге. Қатысушы банктерге қойылатын талаптар және «Баспана хит» бағдарламасы шеңберінде қайта қаржыландыру тетігі «7-20-25» бағдарламасында айқындалған шарттарға ұқсас. «Баспана хит» бағдарламасы (банктік қарыз шарттарын жасасу) 2022 жылдың соңына дейін қолданыста болды.

Серіктес банктер Бағдарлама талаптарына сәйкес келетін ипотекалық қарыздарын береді. Серіктес банктер ипотекалық қарыздарын берген соң Қор ипотекалық қарыздарын Бағдарлама талаптарына сәйкестігін тексерген соң талап ету құқықтарын сатып алады. 2022 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша серіктес банктерден сатып алынбаған ипотекалық қарыздарының сомасы 91,792,478 мың теңгені құрады.

Қордың «7-20-25» және «Баспана хит» бағдарламаларының операторы ретіндегі қызметі бағдарламаларға қатысушы банктер берген, сатып алынған қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптарды сатып алудан тұрады. Қордың сатып алынған қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптарды сатып алуы қатысушы банктер мен Қор арасында кредиттер тізімі мен төлем талаптары бар талап ету құқықтарын басқаға беру шарттарын жасасу арқылы жүзеге асырылады. Кредиттер сатып алу күніндегі негізгі борыш қалдығының сомасы бойынша сатып алынады. Кредиттерді сатып алуға байланысты барлық шығыстарды қатысушы банктер көтереді.

Қатысушы банктер сенімгерлік басқару туралы келісімге сәйкес кредиттерге қызмет көрсетуді жалғастырады және егер кредиттер 90 күннен астам мерзімге кешіктірілсе, олар жеке кредиттерді кері сатып алатыны туралы Қорға кепілдік береді.

Сенімгерлік басқару шарты бойынша қатысушы банк:

- қарыз алушылардың ипотека бойынша төлемдерін алады;
- Қор алған төлемдерді аударуды жүзеге асырады;
- ипотекалық кредиттерге, оның ішінде мерзімі өткен кредиттерге қызмет көрсетуді жүзеге асырады;
- кепіл мүлкінің жай-күйін тексеруді жүзеге асырады;
- кредиттік досьелердің жүргізілуін және сақталуын қамтамасыз етеді;
- ипотекалық кредиттер бойынша бухгалтерлік есепті жүзеге асырады;
- ипотекалық кредит толық өтелген кезде кепіл мүлкінен ауыртпалықтың алынуын қамтамасыз етеді.

Қатысушы банктің келесі әрекеттерді (Қордың жазбаша келісімінсіз) жүзеге асыруға құқығы жоқ:

- кредиттер бойынша талап ету құқықтарын иеліктен шығару және оларды кепілге беру;
- кредиттерге қайта құрылымдау шараларын қолдану;
- кредитті толық өтеген жағдайларды қоспағанда, кепіл мүлкінен ауыртпалықты алып тастау немесе оны ауыстыру.

Талап ету құқықтарын беру туралы шарттың талаптарына сәйкес Қор екінші тараптың, қатысушы банктің келісімінсіз сатып алынған талап ету құқықтарын үшінші тұлғаларға одан әрі беруге құқылы.

Сенімгерлік басқару шарттарына сәйкес Қор қатысушы банктерге ай сайын комиссиялық сыйақы төлейді, оның шекті мөлшері ипотекалық кредиттер портфелі бойынша негізгі борыштың өтелмеген сомасы негізінде есептелген жылдық 4% құрайды. Шарт талаптарына сәйкес сыйақыны төлеу қатысушы банктердің шоттарына ипотекалық кредиттер бойынша қарыз алушылардан түскен кезекті төлемдерден ұстап қалу жолымен жүргізіледі. Қор осы комиссиялық сыйақыны амортизацияланған құны бойынша бағаланатын сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар бойынша пайыздық кірістер құрамында ескереді, сол арқылы осы пайыздық кірістер осы сыйақы сомасына азаяды.

#### ***Бастапқы тану кезіндегі есепке алу***

Қор серіктес банктерден сатып алынған қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптарды бастапқы тану кезінде есепке талдау жүргізді.

Талап ету құқығын беру туралы шарттың және сенімгерлік басқару туралы шарттың талаптарына сәйкес серіктес банктер қаржы активі бойынша ақша ағындарын алуға шарттық құқықтарды сақтайды, бірақ өздеріне Қордың ақша ағындарын төлеу бойынша шарттық міндеттемені қабылдайды. Талап ету құқығын беру туралы шарттың және сенімгерлік басқару туралы шарттың талаптары бойынша активтерді беру талаптары сақталады, яғни:

- (а) серіктес банктердің бастапқы активтен баламалы сомаларды алғанға дейін Қордың сомаларын төлеу бойынша міндеттемелері болмайды;
- (б) сенімгерлік басқару туралы шарттың талаптары бойынша серіктес банктерге бастапқы активті сатуға немесе кепілге беруге тыйым салынады;
- (в) серіктес банктер Қор атынан жинайтын кез келген ақша ағындарын елеулі кідіріссіз аударуға міндетті. Сонымен қатар, серіктес банктердің алған күннен бастап Қорға аударылу қажет болған күнге дейін қысқа есеп айырысу кезеңі ішінде мұндай ақша ағындарын қайта инвестициялауға құқығы жоқ.

#### ***Тәуекелдер мен пайданы талдау***

Қор тануды тоқтатуды талдау мақсатында берілген ипотекалық кредиттер бойынша елеулі тәуекелдер мен пайдалардың құрылымын бағалады және үш елеулі тәуекел бар деген қорытындыға келді: кредиттік тәуекел, мерзімінен бұрын өтеу тәуекелі және пайыздық тәуекел.

Қордың серіктес банктерге 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген кредитті қайта сату құқығы негізінен серіктес банктерінің осы кредиттерге қатысты Қорға берген қаржылық кепілдігін білдіреді. Кепілдік сомасы шектелмегендіктен, кредиттік тәуекел серіктес банктерде сақталады деген қорытынды жасалады. Екінші жағынан, мерзімінен бұрын өтеу тәуекелі толығымен Қорға беріледі. Басшылықтың пікірінше, ипотекалық кредиттердің ұзақ мерзімді сипатына және күтілетін өтеу мерзімі ішінде нарықтағы пайыздық мөлшерлемелердің құбылмалылығына байланысты, танудың тоқтатылуын талдау мақсатында мерзімінен бұрын өтеу тәуекелі елеулі болып табылады. Сондай-ақ, Қор мерзімі өткен берешек пайда болған жағдайда ипотекалық кредиттер бойынша уақтылы төленбеу қаупін сақтап қалды, себебі серіктес банктер мұндай ипотекалық кредиттер бойынша аударымдарды жүзеге асырмайды.

Осылайша, Қор серіктес банктер кредиттік тәуекелді сақтайды, бірақ мерзімінен бұрын өтеу тәуекелін /уақтылы төлемеу тәуекелін және пайыздық тәуекелді береді деген қорытындыға келді, яғни серіктес банктер сатылған ипотекалық кредиттерге меншік құқығымен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайданы бермейді және сақтамайды.

#### ***Ипотекалық кредиттерді бақылауды сақтау***

Талап ету құқықтарын беру туралы шарттардың талаптарына сәйкес Қор алған талап ету құқықтарын серіктес банктердің келісімінсіз үшінші тұлғаларға одан әрі беруге құқылы болғанына қарамастан, Қор сатып алынған ипотекалық кредиттерді төмендегі себептер бойынша толығымен үшінші тарапқа сатуға іс жүзінде мүмкіндігі жоқ:

- сатып алынған ипотекалық кредиттерді иелік етудің шарттық құқығының практикалық әсері аз, себебі сатып алынған ипотекалық кредиттер үшін қайталама нарық жоқ;
- 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген ипотекалық кредиттерді кері сатып алу бойынша серіктес банктер берген кепілдіктің құны біршама жоғары және бұл кепілдік Қорды оған берілген активті сатудан сақтайды, өйткені бұл сату орынсыз болады.

Мұндай жағдайларда Қор серіктес банк берілген активке бақылауды сақтап қалды деген қорытындыға келді.

Сондықтан серіктес банктер ипотекалық кредитке иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы сақтап қалмағандықтан, бірақ берілген кредиттерді бақылауды сақтап қалғандықтан, Қор серіктес банктерден сатып алынған ипотекалық кредиттер бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын талап ету құқықтарын (беруші тараптың талаптарын) қаржылық жағдай туралы есепте таниды.

#### ***Ұзақ мерзімді талаптарды бастапқы тану кезінде әділ құнды бағалауға қатысты пайымдаулар***

Қор Бағдарлама шеңберінде сатып алынған қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптарды сатып алу жөніндегі мәміленің бағасы төмендегі критерийлер негізінде нарықтың жеке сегментін білдіретін олардың әділ құнын көрсететінін анықтады:

- Қордың негізгі міндеті мемлекеттік билік органдарының мүдделерін білдіретін Бағдарламамен көзделген көмек көрсету болып табылады;
- Бағдарлама шеңберінде Қор кредиттерді серіктес банктерден негізгі борыштың номиналды құны бойынша сатып алады.

Бағдарлама әрбір отбасына тұрғын үй беру жөніндегі негізгі мемлекеттік әлеуметтік мақсатты орындауға бағытталған және Қор мемлекет атынан әлеуметтік функцияны орындайды, яғни Қор ең жақсы экономикалық мүдде үшін әрекет етеді.

Сатып алынған ипотекалық кредиттер бойынша ұзақ мерзімді талаптар тиісті жылжымайтын мүлік кепілімен қамтамасыз етілген.

Серіктес банктер ҚРҰБ талаптарына сәйкес мерзімді негізде қамтамасыз етудің мониторингіне жауапты. Бұл ипотекалық кредиттерді өндіріп алу мүмкіндігі қамтамасыз ету құнынан гөрі серіктес банктердің кредитті қабілеттілігіне байланысты және қамтамасыз етудің ағымдағы құны азырақ мөлшерде құнсыздандуды бағалауға әсер етеді.

Қор жылжымайтын мүлік объектілері құнының болжамды өзгерістерін ескере отырып ипотекалық кредитті сатып алу күніндегі қамтамасыз етудің болжамды құнын оның ағымдағы құнына дейін қайта қарайды. Сондай ақ Қор кредиттік құнсызданду белгілері туындаған жағдайда әрбір есепті күндегі жағдай бойынша қамтамасыз етуді жеке бағалауды жүргізе алады.

Төмендегі кестелерде есепті және салыстырмалы кезеңдердің басы мен аяғында орын алған амортизацияланған құн бойынша бағаланатын кредиттердің күтілетін кредиттік шығындары бойынша резервтегі мен жалпы баланстық құнының өзгерістері көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгеде	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв				Жалпы баланстық құны			
	1-саты	2-саты	3-саты	Жиыны	1-саты	2-саты	3-саты	Жиыны
<b>2022 ж. 1 қаңтарда</b>	<b>(11,249)</b>	<b>(136)</b>	<b>(9,837)</b>	<b>(21,222)</b>	<b>810,026,912</b>	<b>984,711</b>	<b>161,453</b>	<b>811,173,076</b>
Ауыстыру:								
- бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындарға (1-сатыдан 2-сатыға)	22	(22)	-	-	(1,675,647)	1,675,647	-	-
- құнсызданған активтерге (1 және 2-сатылардан 3-сатыға)	1	-	(1)	-	(105,553)	-	105,553	-
- 12 айлық күтілетін кредиттік шығындарға (2 және 3-сатылардан 1-сатыға)	(1,155)	48	1,107	-	329,157	(303,318)	(25,839)	-
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(12,783)	(126)	-	(12,909)	364,997,765	519,952	-	365,517,717
Кезең ішінде тануды тоқтату	856	74	5,936	6,866	(55,941,774)	(614,321)	(85,255)	(56,641,350)
Өзге өзгерістер (жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеуді қоса алғанда)	(28,308)	(521)	(1,545)	(30,374)	(55,844,719)	(48,166)	(15,707)	(55,908,592)
<b>2022ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>(52,616)</b>	<b>(683)</b>	<b>(4,340)</b>	<b>(57,639)</b>	<b>1,061,786,141</b>	<b>2,214,505</b>	<b>140,205</b>	<b>1,064,140,851</b>

Қазақстандық мың теңгеде	Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв				Жалпы баланстық құны			
	1-саты	2-саты	3-саты	Жиыны	1-саты	2-саты	3-саты	Жиыны
<b>2021 ж. 1 қаңтарда</b>	<b>(68,860)</b>	<b>(2,498)</b>	<b>(14,936)</b>	<b>(86,294)</b>	<b>536,261,965</b>	<b>3,414,149</b>	<b>175,880</b>	<b>539,851,994</b>
Ауыстыру:								
- бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындарға (1-сатыдан 2-сатыға)	68	(68)	-	-	(634,910)	634,910	-	-
- құнсызданған активтерге (1 және 2-сатылардан 3-сатыға)	16	-	(16)	-	(129,742)	-	129,742	-
- 12 айлық күтілетін кредиттік шығындарға (2 және 3-сатылардан 1-сатыға)	(3,640)	1,767	1,873	-	2,841,369	(2,817,255)	(24,114)	-
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(4,880)	(40)	(2,066)	(6,986)	395,475,979	354,191	25,018	395,855,188
Кезең ішінде тануды тоқтату	7,664	708	9,811	18,183	(58,120,641)	(568,264)	(122,270)	(58,811,175)
Өзге өзгерістер (жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеуді қоса алғанда)	58,383	(5)	(4,503)	53,875	(65,667,108)	(33,020)	(22,803)	(65,722,931)
<b>2021ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>(11,249)</b>	<b>(136)</b>	<b>(9,837)</b>	<b>(21,222)</b>	<b>810,026,912</b>	<b>984,711</b>	<b>161,453</b>	<b>811,173,076</b>

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

Төменде 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ипотекалық қарыздардың кредиттік сапасын талдау берілген:

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>1-саты</b>	<b>2-саты</b>	<b>3-саты</b>	<b>Жиыны 2022ж. 31 желтоқсан</b>
Кредиттік рейтингі ВВ- бастап ВВ+ дейін	109,562,964	251,941	-	109,814,905
Кредиттік рейтингі В- бастап В+ дейін	596,991,582	1,079,576	61,265	598,132,423
Рейтингі жоқ	355,231,595	882,988	78,940	356,193,523
<b>Жалпы баланстық құны</b>	<b>1,061,786,141</b>	<b>2,214,505</b>	<b>140,205</b>	<b>1,064,140,851</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(52,616)	(683)	(4,340)	(57,639)
<b>Баланстық құны</b>	<b>1,061,733,525</b>	<b>2,213,822</b>	<b>135,865</b>	<b>1,064,083,212</b>

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>1-саты</b>	<b>2-саты</b>	<b>3-саты</b>	<b>Жиыны 2021ж. 31 желтоқсан</b>
Кредиттік рейтингі ВВ- бастап ВВ+ дейін	462,465,123	700,945	101,558	463,267,626
Кредиттік рейтингі В- бастап В+ дейін	347,561,789	283,766	59,895	347,905,450
<b>Жалпы баланстық құны</b>	<b>810,026,912</b>	<b>984,711</b>	<b>161,453</b>	<b>811,173,076</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв	(11,249)	(136)	(9,837)	(21,222)
<b>Баланстық құны</b>	<b>810,015,663</b>	<b>984,575</b>	<b>151,616</b>	<b>811,151,854</b>

19-ескертуде сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар сомаларының әділ құнын бағалау ұсынылған. Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптардың пайыздық мөлшерлемелерін талдау 17-ескертуде көрсетілген.

## **10 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар**

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>2022ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2021ж. 31 желтоқсан</b>
Ішкі нарықта шығарылған облигациялар	1,179,467,629	951,417,753
<b>Шығарылған борыштық бағалы қағаздар жиыны</b>	<b>1,179,467,629</b>	<b>951,417,753</b>

2022ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда борыштық бағалы қағаздардың 30 шығарылымы болған (2021ж. 31 желтоқсан: 27). Бұл облигациялардың өтеу мерзімі 1 жылдан 10 жылға дейін, купондық кірісі 8.50% - 18.64% (2021 ж. 31 желтоқсан: 8.50% - 12.00%).

19-ескертуде шығарылған борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын бағалау ұсынылған. Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың пайыздық мөлшерлемелерін талдау 17-ескертуде көрсетілген. 20-ескертуде байланысты тараптармен шығарылған борыштық бағалы қағаздармен операциялар бойынша ақпарат ұсынылған.

Төмендегі кестеде ақшалай және ақшалай емес өзгерістерді қоса алғанда, қаржылық қызмет нәтижесінде туындайтын Қордың шығарылған борыштық бағалы қағаздарындағы өзгерістер келтірілген. Түсімдер мен өтеу сомалары ақшалай қаражат қозғалысы туралы есепте қаржылық қызмет ретінде көрсетілген.



**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

*Қазақстандық мың теңгеде*

<b>2021 ж. 1 қаңтарда</b>	<b>728,478,225</b>
Борыштық бағалы қағаздар шығарудан түсімдер	367,215,867
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(170,000,000)
Амортизацияланған құндағы өзгеріс (ақшалай емес)	25,723,661
<b>2021ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>951,417,753</b>
Борыштық бағалы қағаздар шығарудан түсімдер	534,987,568
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(325,000,000)
Амортизацияланған құндағы өзгеріс (ақшалай емес)	18,062,308
<b>2022ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>1,179,467,629</b>

**11 Акционерлік капитал**

<i>Акциялар санын есептемегенде, қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>Айналыстағы акциялар саны (дана)</b>	<b>Жай акциялар</b>
<b>2021 ж. 1 қаңтарда</b>	<b>481,697,218</b>	<b>4,675,733,142</b>
Жай акцияларды шығару	12,000,000	120,000,000
<b>2021ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>493,697,218</b>	<b>4,795,733,142</b>
<b>2022ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>493,697,218</b>	<b>4,795,733,142</b>

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған жай акциялардың жалпы саны 493,697,218 акцияны құрады, олардың ішінде бір акция үшін номиналды құны 10,000 теңгеден 458,147,425 жай акция және 214,258,892 мың теңге сомаға «ИО Баспана» АҚ-ның 35,549,793 жай акциясы. Шығарылған барлық жай акциялар толығымен төленген.

Барлық жай акциялар әр акция үшін бір дауыс беру құқығын береді.

Жалғыз акционердің 2022 ж. 31 мамырдағы №3 шешіміне сәйкес, 2021 жыл ішіндегі 161,228,803 мың теңге мөлшеріндегі таза кіріс сомасы толығымен Қорды дамытуға бағытталған, дивидендтер төленген жоқ. Жалғыз акционердің 2021 ж. 17 мамырдағы №6 шешіміне сәйкес, 2020 жыл іші 32,392,241 мың теңге мөлшеріндегі таза кіріс сомасы Қордың жалғыз акционеріне дивиденд төлеуге бағытталған болатын.

Бір акцияға шаққандағы базалық пайданы есептеу үшін пайдаланылған жай акциялардың пайда көрсеткіштері мен орташа өлшенген саны төменде келтірілген.

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>2022 ж.</b>	<b>2021 ж.</b>
Қор акционеріне жататын жыл ішіндегі таза пайда	76,257,415	161,228,803
Бір акцияға шаққандағы базалық пайданы анықтау мақсатында жай акциялардың орташа өлшенген саны	493,697,218	490,508,177
<b>Акцияға шаққандағы базалық пайда жиыны (теңгемен)</b>	<b>154.46</b>	<b>328.70</b>

Сауда-саттық тізіміне енгізілген компаниялар үшін Қазақстан қор биржасының талаптарына сәйкес 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акциялардың әрбір түрі бойынша бір акцияның баланстық құны төменде келтірілген:

<b>Акциялардың түрі</b>	<b>Айналыстағы акциялар саны</b>	<b>Капитал (ҚҚБ қағидалары негізінде есептелген)</b>	<b>Бір акцияның баланстық құны, теңге</b>
Жай 2022ж. 31 желтоқсанда	493,697,218	2,638,248,676	5,343.86
Жай 2021ж. 31 желтоқсанда	493,697,218	2,753,923,296	5,578.16

ҚҚБ қағидаларының негізінде есептелген капитал Қордың материалдық емес активтері мен міндеттемелерінің баланстық құнын шегергендегі Қор активтерінің баланстық құнын білдіреді.

## **12 Таза пайыздық кіріс**

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>2022 ж.</b>	<b>2021 ж.</b>
<b>Тиімді пайыздық мөлшерлеменен есептелген пайыздық кірістер</b>		
Амортизацияланған құны бойынша бағалы қағаздар	150,351,571	135,513,783
Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар	44,311,640	36,849,339
Амортизацияланған құны бойынша салымдар	10,178,556	60,941,932
<b>Өзге пайыздық кірістер</b>	<b>13,952,779</b>	<b>21,624,182</b>
<b>Пайыздық кірістер жиыны</b>	<b>218,794,546</b>	<b>254,929,236</b>
<b>Пайыздық шығыстар</b>		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(110,562,476)	(97,593,728)
<b>Пайыздық шығыстар жиыны</b>	<b>(110,562,476)</b>	<b>(97,593,728)</b>
<b>Кредиттік шығындар бойынша шығыстар қалпына келтірілгенге дейінгі таза пайыздық кіріс</b>	<b>108,232,070</b>	<b>157,335,508</b>

## **13 Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтер бойынша таза (шығын)/кіріс**

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>2022 ж.</b>	<b>2021 ж.</b>
Салымдарды әділ құн бойынша қайта бағалау	9,743,874	17,224,121
Әділ құны бойынша есепке алынатын реттелген облигацияларды қайта бағалау	(44,807,335)	(43,771)
<b>Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері бойынша таза (шығын)/кіріс</b>	<b>(35,063,461)</b>	<b>17,180,350</b>

#### 14 Қызметкерлерге арналған шығыстар

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>2022 ж.</b>	<b>2021 ж.</b>
Қызметкерлерге сыйақылар	1,236,719	1,232,127
Әлеуметтік салық	89,354	94,650
Міндетті медициналық сақтандыру	18,110	9,221
Әлеуметтік аударымдар	15,511	11,772
Материалдық көмек	1,578	2,296
<b>Қызметкерлерге арналған шығыстар жиыны</b>	<b>1,361,272</b>	<b>1,350,066</b>

2022ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қызметкерлерге арналған шығыстар 118,851 мың теңге мөлшеріндегі мемлекеттік зейнетақы қорына жарналарды қамтиды (2021ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші: 113,740 мың теңге).

#### 15 Әкімшілік және өзге операциялық шығыстар

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>2022 ж.</b>	<b>2021 ж.</b>
Кәсіби қызметтер	165,484	134,865
Тозу және амортизация	78,249	73,797
Коммуналдық қызметтер	51,520	35,323
Мүшелік жарналар мен алымдар	46,597	60,061
Телекоммуникациялық және ақпараттық қызметтер	32,488	41,227
Көліктік шығыстар	28,815	24,509
Жалдау	25,936	81,005
Жарнама және маркетинг	18,453	26,325
Сақтандыру	11,610	14,730
Кадрларды даярлау	6,833	2,520
Қорлар	5,166	4,256
Жөндеу және қызмет көрсету	3,489	50,974
Іссапар шығыстары	171	741
Өзгелері	2,866	22,118
<b>Әкімшілік және өзге операциялық шығыстар жиыны</b>	<b>477,677</b>	<b>572,451</b>

#### 16 Табыс салығы бойынша (өтеу)/шығыс

##### (а) табыс салығы бойынша шығыстардың компоненттері

Жыл іші пайда немесе шығын құрамында көрсетілген табыс салығы бойынша (өтеу)/шығыс келесі компоненттерді қамтиды:

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>2022 ж.</b>	<b>2021 ж.</b>
Уақытша айырмалардың туындауы және қалпына келтіру салдарынан кейінге қалдырылған салық активтері шамасының өзгеруі	(3,563,805)	14,951,441
Төлем көзінен салық бойынша шығыс	2,244	1,723
<b>Жыл іші табыс салығы бойынша (өтеу)/шығыс</b>	<b>(3,561,561)</b>	<b>14,953,164</b>

**(б) Табыс салығы бойынша (өтеуді)/шығысты қолданылатын салық салу мөлшерлемесіне көбейтілген салық салынғанға дейінгі бухгалтерлік пайда сомасымен салыстырып тексеру**

2022 және 2021 жж. табыс салығының ағымдағы мөлшерлемесі 20% құрады.

Табыс салығының тиімді мөлшерлемесі табыс салығының нормативтік мөлшерлемесінен өзгеше. Төменде іс жүзіндегі табыс салығына сәйкес 20% нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген табыс салығы бойынша (өтеуді)/шығысты келтіру үшін есептеу берілген:

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>2022 ж.</b>	<b>2021 ж.</b>
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>	<b>72,695,854</b>	<b>176,181,967</b>
20% белгіленген мөлшерлеме бойынша салық	14,539,171	35,236,393
- Инвестициялар бойынша салық салынбайтын кірістің салықтық әсері	(23,987,130)	(22,042,601)
- Күтілетін кредиттік шығындар бойынша шегерілмейтін шығыстардың салықтық әсері	(269,325)	(601,760)
- Төлем көзінен салық бойынша шығыс	2,244	1,723
- Шегерімге жатпайтын шығыстар	4,124,597	1,502,641
- Өзгелері	2,028,882	856,768
<b>Жыл іші табыс салығы бойынша (өтеу)/шығыс</b>	<b>(3,561,561)</b>	<b>14,953,164</b>

**(в) Уақытша айырмашылықтардың түрлері бойынша кейінге қалдырылған салықты талдау**

ХҚЕС пен Қазақстанның салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар қаржылық есептілікті жасау мақсатында және табыс салығын есептеу мақсатында активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтардың туындауына әкеледі. Төменде осы уақытша айырмашылықтар қозғалысының салықтық әсерлері егжей тегжейлі көрсетілген.

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	<b>2022 ж.</b> <b>1 қаңтарда</b>	<b>Капиталда</b> <b>танылған</b> <b>өзгерістер</b>	<b>Пайда немесе</b> <b>шығын</b> <b>құрамында</b> <b>көрсетілген</b>	<b>2022 ж.</b> <b>31 желтоқсанда</b>
<b>Шегерілетін/(салық салынатын) уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері</b>				
Инвестициялар бойынша әділ құнды түзету/ дисконт	255,684,126	(7,309,034)	1,147,924	249,523,016
Салымдар бойынша дисконт	86,206,897	2,974,337	(3,180,419)	86,000,815
Шығарылған облигациялар бойынша дисконт және есептелген сыйақы	3,878,347	-	5,590,863	9,469,210
Өзге активтер мен міндеттемелер бойынша есептеулер	49,825	-	1,900	51,725
Кейінге қалдырылған салықтар бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер/(провизиялар)	(49,345)	-	-	(49,345)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(15,689)	-	742	(14,947)
<b>Кейінге қалдырылған таза салық активі</b>	<b>345,754,161</b>	<b>(4,334,697)</b>	<b>3,561,010</b>	<b>344,980,474</b>

2022 ж. 31 желтоқсанда Қорда сондай-ақ 242,315 мың теңге мөлшерінде кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме болған, ол қаржы жағдайы туралы есепте өзге міндеттемелер құрамында көрсетілді және бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы нәтижесінде туындады.

Қазақстандық мың теңгеде	2021 ж. 1 қаңтарда	Капиталда танылған өзгерістер	Пайда немесе шығын құрамында көрсетілген	2021 ж. 31 желтоқсанда
<b>Шегерілетін/(салық салынатын) уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері</b>				
Инвестициялар бойынша әділ құнды түзету/ дисконт	240,633,593	25,333,020	(10,282,487)	255,684,126
Салымдар бойынша дисконт	83,624,375	10,031,891	(7,449,369)	86,206,897
Шығарылған облигациялар бойынша дисконт және есептелген сыйақы	1,043,221	-	2,835,126	3,878,347
Өзге активтер мен міндеттемелер бойынша есептеулер	52,257	-	(2,432)	49,825
Кейінге қалдырылған салықтар бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер/(провизиялар)	-	-	(49,345)	(49,345)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(12,755)	-	(2,934)	(15,689)
<b>Кейінге қалдырылған таза салық активі</b>	<b>325,340,691</b>	<b>35,364,911</b>	<b>(14,951,441)</b>	<b>345,754,161</b>

2021 және 2022 жж. ішінде Қор қаржы активтерін танудан болған шығындар бойынша кейінге қалдырылған салық активтерін таныды. Инвестицияларды тануға байланысты шығындар капитал құрамында танылғандықтан, тиісті кейінге қалдырылған салық активі де капитал құрамында танылды.

Кейінге қалдырылған салық активін қалпына келтіру пайыздық кірістерді түзету арқылы осы инвестициялар бойынша дисконттың амортизациясы кезінде орын алады. Кейінге қалдырылған салық активінің баланстық құны әрбір есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша қайта бағалауға жатады. Қор қажет болған жағдайда кейінге қалдырылған салық активінің баланстық құнын азайтады.

Осылайша, есепті күнге кейінге қалдырылған салық активі бастапқы тануды түзетуді және осы айырмашылықтың кейінгі амортизациясын білдіреді.

## 17 Қаржылық тәуекелдерді басқару

Қордың тәуекелдерін басқару қаржылық, операциялық және заңды тәуекелдерге қатысты жүзеге асырылады. Қаржылық тәуекелдерге нарықтық тәуекел (ол валюталық тәуекелден, пайыздық тәуекелден және өзге баға тәуекелдерінен тұрады), кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі жатады. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаты - тәуекел лимиттерін айқындау және одан әрі белгіленген лимиттердің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Операциялық және заңды тәуекелдерді басқару осы тәуекелдерді барынша азайту мақсатында ішкі саясаттар мен рәсімдердің тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етуге тиіс.

Қордың тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Қордың өз қызметінің жоспарланған мақсаттары мен міндеттеріне тиімді қол жеткізуі мақсатында басқарушылық шешімдер қабылдау үшін Қорды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыруға және оны дамытуға бағытталған.

Қордың Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару саласында келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Қордың дамуының басым бағыттарын анықтау және Қор қызметінің негізгі бағдарларын орнату;
- 2) Тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;
- 3) ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқаруды жақсарту бойынша сыртқы және ішкі аудиторлардың қорытындыларын талдау;
- 4) ірі мәмілені және/немесе жасалуына Қор мүдделі мәмілені жасасу туралы шешімдерді қабылдау;
- 5) Қордың қаржы көрсеткіштерін талдау және бағалау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржылық және басқарушылық есептілікті Директорлар кеңесіне ұсыну нысандары мен мерзімдерін анықтау;
- 6) тәуекелдер бойынша есептерді бекіту.

Басқарма келесі функцияларды атқару арқылы тәуекелдерді басқару жүйесінің біртұтастығы мен функционалдылығын қамтамасыз етеді:

- 1) елеуетті тәуекелдерді анықтауға және бағалауға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;
- 2) бекітілген құжаттарға сәйкес Директорлар кеңесіне есептерді ұсыну;
- 3) Тәуекелдерді басқару саясатының қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;
- 4) қажеттіліктерді қанағаттандыратын және тәуекелдерді барабар қадағалау мен төмендетуді қамтамасыз ететін Қордың ұйымдастырушылық құрылымын бекіту;
- 5) Қордағы тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді қарастыру және өз құзыретінің шегінде тиісті шараларды қабылдау;
- 6) тәуекелдерді басқару жөніндегі әдістемелерді және тәуекелдерге жауап әрекет ету шараларын бекіту;
- 7) тәуекелдерді басқару саласындағы регламенттер мен ішкі рәсімдерді жетілдіру.

#### **Кредиттік тәуекел**

Қор кредиттік тәуекелге ұшырайды, бұл қаржы құралымен операция тараптарының бірі шарт бойынша міндеттемені орындамау салдарынан екінші тараптың қаржылық шығынға ұшырауына себеп болатын тәуекел болып табылады.

Кредиттік тәуекел Қордың контрагенттермен кредиттік және басқа да операциялары нәтижесінде пайда болады, соның салдарынан кредиттік сипаттағы қаржы активтері мен баланстан тыс міндеттемелер пайда болады.

Қордың кредиттік тәуекелінің ең жоғары деңгейі қаржылық жағдай туралы есепте қаржы активтерінің баланстық құнында көрсетіледі. Берілген қаржылық кепілдіктер, кредит беру міндеттемелері, пайдаланылмаған кредит желілері және экспорттық/импорттық аккредитивтер үшін ең жоғарғы кредиттік тәуекел міндеттеме сомасы болып табылады.

#### **Кредиттік тәуекелді басқару**

Кредиттік тәуекел Қордың бизнесі үшін жалғыз ең маңызды тәуекелі болып табылады. Демек, басшылық кредиттік тәуекелді басқаруға ерекше назар аударады.

Тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін кредиттік тәуекелді бағалау күрделі процесс болып табылады және модельдерді қолдануды талап етеді, себебі тәуекел нарықтық жағдайларға, күтілетін ақша ағындарына және уақыттың өтуіне қарай өзгереді. Активтер портфелі бойынша кредиттік тәуекелді бағалау дефолттың болу ықтималдығына, тиісті шығындылық коэффициенттеріне және контрагенттер арасындағы дефолт корреляциясына қатысты қосымша бағалауды қажет етеді.

#### **Лимиттер**

Қор мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде бекітілген лимиттерді пайдаланады.

*Кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесі*

Кредиттік тәуекелді бағалау және кредиттік тәуекел деңгейі бойынша қаржы құралдарын жіктеу мақсатында Қор сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктердің (Standard & Poor's «S&P», Fitch, Moody's) рейтингтер жүйелері негізінде тәуекел деңгейлерін бағалауды пайдаланады. Контрагенттерге сыртқы рейтингтерді S&P, Moody's и Fitch сияқты тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктер береді. Бұл рейтингтер жалпыға қол жетімді. Мұндай рейтингтер мен дефолт ықтималдығының тиісті диапазондары келесі қаржы құралдары үшін қолданылады: ақшалай қаражат пен оның баламалары, борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар, сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар және өзге де қаржы активтері.

**Күтілетін кредиттік шығындарды («ККШ») бағалау**

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезінде қолданылатын негізгі бастапқы деректер мыналарды қамтиды:

- Дефолт ықтималдығы («PD»);
- Дефолт болған жағдайдағы шығындар («LGD»);
- Дефолт тәуекеліне ұшырайтын кредиттік талап шамасы («EAD»).

«Дефолт ықтималдығы» көрсеткіші берілген уақыт аралығындағы дефолт ықтималдығын бағалау болып табылады. Ол белгілі бір уақыт сәтіндегі жағдай бойынша бағаланады. Есептеу статистикалық рейтингтік модельдерді қолдануға негізделген, ал бағалау контрагенттер мен тәуекелдердің әртүрлі санаттарына бейімделген құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Дефолт ықтималдығы өтеудің шарттық мерзімдері мен мерзімінен бұрын өтеу жылдамдығын ескере отырып бағаланады. Бағалау дефолт ықтималдығына әсер ететін болашақ жағдайларды ескере отырып түзетілген ағымдағы жағдайлар негізінде жасалады.

«Дефолт болған жағдайдағы шығындар» көрсеткіші дефолт кезінде пайда болатын шығындарды бағалау болып табылады. Қордың қаржы активтері бойынша LGD көрсеткіші Базель II ұсынған IRB-тәсілге (Internal Ratings Based) сәйкес 45% мөлшерінде беріледі, ал сатып алынған ипотекалық қарыздар портфель бойынша LGD осы кредиттердің кепілді қамтамасыз етілуіне байланысты айқындалады.

«Дефолт тәуекеліне ұшырайтын кредиттік талап шамасы» көрсеткіші борыштың негізгі сомасы мен пайыздарды өтеуді қоса алғанда, есепті күннен кейінгі күтілетін тәуекел өзгерістерін ескере отырып, болашақтағы дефолт күніндегі тәуекелді бағалауды білдіреді. Күтілетін кредиттік шығындарды есептеуде қаржы активін өтеу күніне дейінгі нақты мерзім ескеріледі.

Күтілетін кредиттік шығындар құралдың қызмет етуінің *бүкіл мерзімінде* модельденеді. Құралдың қолданылуының бүкіл мерзімі, егер болса, күтпеген мерзімінен бұрын өтеуді ескере отырып, борыштық құралдарды өтеу мерзіміне дейін шарттық қалған қолданылу мерзіміне тең. Кредит беру міндеттемелері мен қаржылық кепілдік шарттары үшін бұл кәсіпорынның кредит беру бойынша ағымдағы шарттық міндеттемесі болатын шарттық кезең болып табылады.

«*Бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар*» басқару моделінде қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолттың барлық ықтимал оқиғаларының туындауы нәтижесінде пайда болатын шығындар бағаланады. «*12 айлық күтілетін кредиттік шығындар*» моделі есепті кезеңнің соңынан бастап 12 ай ішінде немесе егер ол бір жылдан аз болса, қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолт оқиғаларының туындауы нәтижесінде пайда болатын бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындардың бөлігін білдіреді.

Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған қаржы активтері (POCI) үшін ККШ модельдеу де осы сияқты орындалады, бірақ оның ерекшелігі: (а) жалпы баланстық құны және дисконттау мөлшерлемесі шартта көзделген ақша ағындары негізінде емес, активті бастапқы тану кезінде алынуы мүмкін ақша ағындары негізінде анықталады және (ә) ККШ үнемі бүкіл мерзім ішіндегі ККШ-ге тең. Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған қаржы активтері – бұл бастапқы танылған сәтте құнсызданған болған қаржы активтері.

Дефолт ықтималдығын бағалау үшін Қор дефолтты тәуекелге ұшырағыштық төмендегі критерийлердің біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін жағдай ретінде анықтайды:

- қарыз алушының шартта көзделген төлемдерді кешіктіруі 90 күннен асады;
- кредит сапасының нашарлауына байланысты банк қарыз алушының қарызын толығымен немесе ішінара шығынмен сатты;
- қарыз алушы төменде көрсетілген ықтимал төлем қабілетсіздігі критерийлеріне сәйкес келеді:
  - қарыз алушы қайтыс болды;
  - қарыз алушы төлеуге қабілетсіз;
  - қарыз алушы қаржылық шартты (шарттарды) бұзды;
  - қарыз алушының банкроттық рәсімін бастау ықтималдығы артады.

Ақпаратты ашу үшін Қор дефолттың анықтамасын құнсызданған активтердің анықтамасына сәйкес келтірді. Жоғарыда көрсетілген дефолттың анықтамасы Қордың қаржы активтерінің барлық түрлеріне қолданылады.

Егер құрал активті бағалау кезінде дефолт критерийлерінің қайсыбіріне сәйкес келмейтін болса, құрал бұдан кейін дефолтты болып саналмайды (яғни төлемдердің кешіктірілуі жойылған).

Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының болуын немесе болмауын бағалау жеке де, портфельдік негізде де орындалады. Ақшалай қаражат пен оның баламалары, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын салымдар және өзге де қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелдің едәуір өсуі төменде көрсетілген критерийлерді мониторингілеу арқылы жеке негізде бағаланады. Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптарға қатысты кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы берешектің мерзімі өткен күндерінің санына байланысты портфельдік негізде бағаланады.

Қордың тәуекелдерді басқару бөлімшесі кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаю фактісін оның тиісті сипаты тұрғысынан айқындау үшін пайдаланылатын критерийлерге мерзімді мониторинг және тексеру жүргізеді. Бастапқы танылған сәттен бастап, егер қаржы активтері 30 күннен артық кешіктірілсе, кредиттік тәуекелдің елеулі өсуі байқалады деген болжам жоққа шығарылмайды.

Қор инвестициялық қаржы активтеріне кредиттік тәуекелдің төмен бағасына байланысты ерекшелікті қолданбауды шешті. Осылайша, тіпті инвестициялық рейтингі бар активтер де кредиттік тәуекелдің елеулі өсуіне бағаланады.

Қор келесі сандық, сапалық немесе шектеу критерийлерінің біреуі немесе бірнешеуі орындалған кезде қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі өсуі байқалды деп есептейді.

Барлық қаржы активтері үшін:

- төлемді 30 күнге кешіктіру;
- дефолттың болу ықтималдығының өзгеруіне негізделген сандық критерий;
- контрагенттерді талдауға негізделген сапа критерийлері.

Осы қаржылық есептілікте танылатын күтілетін кредиттік шығындардың деңгейі бастапқы танылған сәттен бастап қарыз алушының кредиттік тәуекелінің елеулі ұлғаюының болуына байланысты. Бұл тәсіл күтілетін кредиттік шығындарды бағалаудың үш сатылы моделіне негізделген. 1-саты – бастапқы тану кезінде құнсызданбаған және осы сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болмаған қаржы құралы үшін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар негізінде құрылады. 2-саты – егер бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы анықталса, қаржы құралы 2-сатыға ауыстырылады, алайда ол әлі құнсызданған болып есептелмейді, бірақ кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар негізінде құрылады. 3-саты – егер қаржы құралы құнсызданған болса, ол 3-сатыға ауыстырылады және шығындар бойынша бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар негізінде құрылады. Активті 3-сатыға ауыстыру нәтижесінде ұйым жалпы баланстық құн негізінде пайыздық кірісті тануды тоқтатады және пайыздық кірісті есептеу кезінде баланстық құнға күтілетін кредиттік шығындарды шегергендегі активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолданады.



Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының критерийлері бұдан әрі орындалмайтыны туралы дәлелдер болған жағдайда, құрал қайта 1-сатыға ауыстырылады. Егер қаржы активі сапалық белгі негізінде 2-сатыға ауыстырылған болса, Қор оның сақталуына немесе өзгеруіне көз жеткізу үшін осы белгінің мониторингін жүзеге асырады.

Сатып алынған немесе құрылған құнсызданған қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар әрдайым бүкіл мерзім ішінде бағаланады. Осылайша, Қор бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындардағы жиынтық өзгерістерді ғана таниды.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін Қор екі тәсілді қолданады: (i) портфельдік негізде бағалау: кредиттік портфельдің біртекті сегменттері үшін кредиттік тәуекелдің бірдей параметрлері қолданылады (мысалы, дефолт ықтималдығы, дефолт болған жағдайдағы шығын); (ii) сыртқы рейтингтер негізінде бағалау. Қор кредиттердің келесі түрлері үшін портфельдік негізде бағалау жүргізеді: сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар. Бұл тәсіл серіктес банктердің рейтингтері, мерзімінде кредитті өтемеу туралы нақты ақпарат негізінде портфельді біртекті сегменттерге стратификациялауды қамтиды.

Қор банкаралық кредиттер үшін бағалауды сыртқы рейтингтер негізінде жүргізеді.

Бағалау портфельдік негізде орындалған кезде Қор тәуекелге ұшырағыштық сатыларын анықтайды және ұжымдық негізде шығындарға бағалау резервін есептейді. Қор өзінің кредиттік портфелін кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамалары негізінде анықталған сегменттер бойынша талдайды, осылайша топ шеңберіндегі кредиттік портфельдерде біртекті немесе ұқсас тәуекелдері болады. Кредиттердің негізгі жалпы сипаттамаларына серіктес банктің рейтингі, бастапқы тану күні кіреді. Әр түрлі сегменттер сондай-ақ кредиттік тәуекел параметрлеріндегі айырмашылықтарды көрсетеді, мысалы, дефолт ықтималдығы және дефолт болған жағдайдағы шығын. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тұрақты негізде топтарға бөлудің тиісті сипатына мониторинг және тексеру жүргізеді.

Жалпы, күтілетін кредиттік шығындар келесі кредиттік тәуекел параметрлерінің көбейтіндісіне тең: құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесін пайдалана отырып, келтірілген құнға дейін дисконтталған дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және жоғарыда анықталған дефолт болған жағдайдағы шығындар. Күтілетін кредиттік шығындар әрбір жеке кредиттің қолданылу мерзімі ішінде әрбір болашақ ай үшін кредиттік тәуекел параметрлерін (дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және дефолт болған жағдайдағы шығын) болжау жолымен айқындалады.

#### ***Кредиттік тәуекел параметрлерін есептеудің негізгі қағидаттары***

Дефолт сәтіндегі берешек күтілетін төлем кестесі негізінде анықталады, ол өнім түріне байланысты өзгереді.

Күтілетін кредиттік шығындарды есептеу үшін дефолт ықтималдығының екі түрі қолданылады: 12 ай ішінде және бүкіл мерзім ішінде дефолт болу ықтималдығы.

Дефолт болған жағдайдағы шығын Қордың дефолттық кредит бойынша шығын мөлшеріне қатысты күтуін білдіреді. Дефолт болған жағдайдағы шығын контрагенттің түріне, талаптың түрі мен басымдылығына және кепілдің немесе өзге де кредиттік қамтамасыз етудің болуына байланысты болады. 12 ай ішінде және бүкіл мерзім ішінде дефолт болған жағдайдағы шығындар дефолт басталғаннан кейін күтілетін өтеуге әсер ететін факторлар негізінде айқындалады. Дефолт болған жағдайда шығынды бағалау тәсілі үш ықтимал әдіске бөлінуі мүмкін:

- дефолт болған жағдайдағы шығынды қамтамасыз етудің нақты сипаттамалары негізінде бағалау;
- өтеу туралы статистикалық деректерді негізге ала отырып, дефолт болған жағдайдағы шығынды портфельдік негізде есептеу;
- әртүрлі факторлар мен сценарийлерге байланысты құнсызданудан болатын шығынды жеке анықтау.

Қор дефолт болған жағдайда шығынды қамтамасыз етудің болжамды құны, өткен кезеңдердегі сату бағасына жеңілдіктер және жылжымайтын мүлікпен, ақшалай қаражатпен және өтімді бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген кредиттерге қатысты өзге де факторлар сияқты қамтамасыз етудің нақты сипаттамалары негізінде есептейді.

#### ***Сыртқы рейтингтер негізінде бағалау қағидаттары***

Белгілі бір құралдардың сыртқы кредиттік тәуекел рейтингтері бар, олар тиісті рейтингтік агенттіктер жариялаған дефолттар мен қаражатты өндіріп алу статистикасы негізінде «дефолт ықтималдығы» және «дефолт болған жағдайдағы шығын» кредиттік тәуекел параметрлерін бағалау үшін қолданылады. Бұл тәсіл барлық қаржы активтеріне қолданылады.

**Нарықтық тәуекел**

Қор нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістер тәуекеліне ұшырайтын (а) валюталық, (ә) пайыздық және (б) үлестік құралдар бойынша ашық позицияларға байланысты нарықтық тәуекелге ұшырайды.

**Валюталық тәуекел**

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың шетел валюталарында көрсетілген активтері мен міндеттемелері жоқ, тиісінше шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеру тәуекелдеріне ұшырамайды.

**Пайыздық тәуекел**

Қор нарықтық пайыздық мөлшерлемелер ауытқуларының оның қаржылық жағдайына және ақшалай қаражат ағындарына әсеріне байланысты тәуекелді қабылдайды. Мұндай ауытқулар пайыздық маржа деңгейін жоғарылатуы мүмкін, бірақ пайыздық мөлшерлемелерде күтпеген өзгеріс болған жағдайда пайыздық маржа төмендеуі немесе шығынға әкелуі мүмкін.

Төмендегі кестеде Қордың пайыздық тәуекелінің жалпы талдауы берілген. Онда сондай-ақ көрсетілген күндердің қайсысы ертерек болғанына байланысты шарттық күнге немесе өтеу күніне номиналды құны бойынша пайыздық мөлшерлеме есептелетін Қордың қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомалары көрсетілген. Төменде ұсынылған жалпы қаржы активтері мен міндеттемелерге негізгі құралдар мен материалдық емес активтер, кейінге қалдырылған салық активі, өзге активтер және пайызсыз ақшалай қаражат пен оның баламалары кірмейді.

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Талап етілгенге дейін және 3 айдан аз мерзімде	3-12 ай аралығы	1-10 жыл аралығы	10 жылдан астам	Жиыны
<b>2022ж. 31 желтоқсан</b>					
Қаржы активтері жиыны	130,181,389	66,140,215	1,686,604,746	814,936,195	2,697,862,545
Қаржылық міндеттемелер жиыны	(154,827,314)	(243,833,755)	(780,806,560)	-	(1,179,467,629)
<b>2022ж. 31 желтоқсанға пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық</b>	<b>(24,645,925)</b>	<b>(177,693,540)</b>	<b>905,798,186</b>	<b>814,936,195</b>	<b>1,518,394,916</b>
<b>2021ж. 31 желтоқсан</b>					
Қаржы активтері жиыны	88,518,871	67,569,906	1,243,520,810	1,148,237,919	2,547,847,506
Қаржылық міндеттемелер жиыны	(14,533,247)	(344,868,842)	(391,967,618)	(200,048,046)	(951,417,753)
<b>2021ж. 31 желтоқсанға пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық</b>	<b>73,985,624</b>	<b>(277,298,936)</b>	<b>851,553,192</b>	<b>948,189,873</b>	<b>1,596,429,753</b>

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

Қор қаржы құралдары бойынша пайыздық мөлшерлемелердің мониторингін жүргізеді. Төмендегі кестеде Қордың негізгі басшылары талдаған есептер негізінде тиісті есепті күнге орташа өлшенген пайыздық мөлшерлемелер келтірілген. Бағалы қағаздарға қатысты пайыздық мөлшерлемелер есепті күнге нарықтық баға белгілеулерге негізделген өтелетін кірістілікті білдіреді:

<i>жылына %</i>	<b>2022 ж. 31 желтоқсанда</b>	<b>2021 ж. 31 желтоқсанда</b>
<b>АКТИВТЕР</b>		
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	15.75%	9.26%
Амортизацияланған құны бойынша салымдар	0.25%	0.16%
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша салымдар	2.99%	2.99%
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша инвестициялар	2.87%	2.88%
Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар	4.65%	4.91%
Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар	4.49%	5.20%
<b>Міндеттемелер</b>		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	13.76%	10.89%

**Географиялық тәуекелдің шоғырлануы**

Қордың 2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсанда қаржы активтері мен міндеттемелерінің географиялық шоғырлануы Қазақстанда болды.

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі - бұл ұйымның қаржылық міндеттемелерге байланысты міндеттемелерді орындау кезінде қиындықтарға тап болу тәуекелі. Қор есеп айырысулар ақшалай қаражатпен жүргізілетін овернайт салымдары, клиенттердің шоттары, депозиттерді өтеу, кредиттер мен қарыздарды беру, туынды қаржы құралдары бойынша төлемдер үшін қолда бар қаражатты күнделікті пайдалану қажеттілігіне байланысты тәуекелге ұшырайды. Қор жоғарыда аталған барлық міндеттемелерді біржолғы орындау қажет болған жағдайға ақшалай қаражат жинамайды, себебі жинақталған жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, осы міндеттемелерді орындауға қажетті ақшалай қаражат деңгейін жеткілікті дәлдікпен болжауға болады.

Қаржы активтері мен міндеттемелері туралы ақпаратты бағалы қағаздар нарығының дамуын басқару бөлімшесі алады. Бұл бөлімше жалпы Қор бойынша өтімділіктің жеткілікті деңгейін ұстау үшін негізінен қысқа мерзімді өтімді сауда бағалы қағаздарынан, банктердегі салымдардан және өзге де банкаралық құралдардан тұратын қысқа мерзімді өтімді активтердің барабар портфелінің болуын қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар нарығының дамуын басқару бөлімшесі өтімділік бойынша күнделікті позицияны бақылайды және стандартты және қолайсыз нарықтық жағдайларды қамтитын әртүрлі сценарийлер кезінде өтімділік бойынша стресс-тестілеуді үнемі жүргізеді.

Төмендегі кестелер 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтер мен міндеттемелердің өтеуге дейін қалған шарттық мерзімдер бойынша бөлінуін көрсетеді.

Төмендегі кестелерде қаржылық міндеттемелерге байланысты ақшалай қаражаттың жылыстау қажеттілігі туындаған жағдайда оңай іске асыруға болатын активтерді қоспағанда, шартта көзделген өтеу мерзімдері негізінде баланстық құны бойынша есепке алынатын туынды емес қаржы активтерін өтеу мерзімдерін талдау көрсетілген. Мұндай қаржы активтері күтілетін істен шығу күнін негізге ала отырып өтеу мерзімдерін талдауға енгізіледі. Құнсызданған кредиттер мен қарыздар құнсыздануға арналған резервті шегергендегі және ақшалай қаражаттың түсуі күтілетін мерзімдеріне қарай баланстық құн бойынша кестеге енгізілген.

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Талап етілгенге дейін және 3 айдан аз мерзімде	3-12 ай аралығы	1-10 жыл аралығы	10 жылдан астам	Жиыны 2021 ж. 31 желтоқсанда
<b>Қаржы активтері</b>					
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	877,407,126	-	-	-	877,407,126
Салымдар	856,894	-	-	93,369,118	94,226,012
Пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша инвестициялар	1,821	3,900,989	184,262,143	34,131,069	222,296,022
Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар	7,686,179	28,090,903	964,903,224	208,156,208	1,208,836,514
Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар	13,215,710	34,148,323	537,439,379	479,279,800	1,064,083,212
<b>Қаржы активтері жиыны</b>	<b>899,167,730</b>	<b>66,140,215</b>	<b>1,686,604,746</b>	<b>814,936,195</b>	<b>3,466,848,886</b>
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>					
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	154,827,314	243,833,755	780,806,560	-	1,179,467,629
<b>Қаржылық міндеттемелер жиыны</b>	<b>154,827,314</b>	<b>243,833,755</b>	<b>780,806,560</b>	<b>-</b>	<b>1,179,467,629</b>
<b>Қаржы құралдары бойынша өтімділік алшақтығы</b>	<b>744,340,416</b>	<b>(177,693,540)</b>	<b>905,798,186</b>	<b>814,936,195</b>	<b>2,287,381,257</b>

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Талап етілгенге дейін және 3 айдан аз мерзімде	3-12 ай аралығы	1-10 жыл аралығы	10 жылдан астам	Жиыны 2021 ж. 31 желтоқсанда
<b>Қаржы активтері</b>					
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	865,056,559	-	-	-	865,056,559
Салымдар	170,764	-	-	96,506,662	96,677,426
Пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша инвестициялар	143,127	3,758,700	-	262,822,794	266,724,621
Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар	13,524,730	40,583,705	820,440,937	439,798,076	1,314,347,448
Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар	15,734,093	23,227,501	423,079,873	349,110,387	811,151,854
<b>Қаржы активтері жиыны</b>	<b>894,629,273</b>	<b>67,569,906</b>	<b>1,243,520,810</b>	<b>1,148,237,919</b>	<b>3,353,957,908</b>
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>					
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	14,533,247	344,868,842	391,967,618	200,048,046	951,417,753
<b>Қаржылық міндеттемелер жиыны</b>	<b>14,533,247</b>	<b>344,868,842</b>	<b>391,967,618</b>	<b>200,048,046</b>	<b>951,417,753</b>
<b>Қаржы құралдары бойынша өтімділік алшақтығы</b>	<b>880,096,026</b>	<b>(277,298,936)</b>	<b>851,553,192</b>	<b>948,189,873</b>	<b>2,402,540,155</b>

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

Келесі кестеде қалған өтеу мерзімдері бойынша қаржылық міндеттемелер бойынша дисконтталмаған ақша ағындары көрсетілген. Бұл дисконтталмаған ақша ағындары қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген сомалардан өзгеше, себебі қаржылық жағдай туралы есептегі сомалар дисконтталған ақша ағындарына негізделген. Төмендегі кестеде көрсетілген ақша ағындарының шығуының жиынтық шамалары 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелер бойынша шарттық дисконтталмаған ақша ағындары болып табылады:

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Талап етілгенге дейін және 3 айдан аз мерзімде	3-12 ай аралығы	1-10 жыл аралығы	10 жылдан астам	Жиыны
<b>2022ж. 31 желтоқсанда</b>					
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(159,794,294)	(312,119,387)	(1,171,724,712)	-	(1,643,638,393)
<b>2022ж. 31 желтоқсандағы қаржылық міндеттемелер жиыны</b>	<b>(159,794,294)</b>	<b>(312,119,387)</b>	<b>(1,171,724,712)</b>	<b>-</b>	<b>(1,643,638,393)</b>
<b>2021ж. 31 желтоқсанда</b>					
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(14,533,247)	(428,900,183)	(704,556,446)	(219,381,379)	(1,367,371,255)
<b>2021ж. 31 желтоқсандағы қаржылық міндеттемелер жиыны</b>	<b>(14,533,247)</b>	<b>(428,900,183)</b>	<b>(704,556,446)</b>	<b>(219,381,379)</b>	<b>(1,367,371,255)</b>

## 18 Шартты міндеттемелер

### *Сот қараулары*

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда қаржылық жағдайға елеулі әсер ететін сот істері жоқ.

### *Шартты салық міндеттемелері*

Есепті кезеңнің соңында қолданыста болған немесе мәні бойынша қабылданған Қазақстанның салық заңнамасы Қордың операциялары мен қызметіне қолданғанда әртүрлі түсіндірілуіне мүмкіндік береді. Осыған байланысты басшылық анықтаған салық позицияларымен және салық позицияларын негіздейтін ресми құжаттамамен салық органдары келіспеуі мүмкін. Қазақстанда салықтық бақылау біртіндеп күшейіп келеді, оның ішінде нақты қаржы-шаруашылық мақсаты жоқ операциялардың немесе салық заңнамасының талаптарын сақтамайтын контрагенттермен операциялардың салық салынатын базасына әсерін тексеру тәуекелі артады. Салықтық тексерулер тексеру жүргізу туралы шешім шығарылған жылдың алдындағы үш күнтізбелік жылды қамтуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тексерулер одан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін.

## 19 Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша келесідей бөлінеді: (i) 1-деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы белгіленімді бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалаулар жатады, (ii) 2-деңгейге - пайдаланылатын барлық маңызды бастапқы деректер актив немесе міндеттеме үшін тікелей немесе жанама түрде байқалатын бағалау модельдерінің көмегімен алынған яғни, мысалы, бағалар негізінде алынған), және (iii) 3-деңгейдегі бақыланатын нарық деректеріне негізделмеген бағалаулар болып табылатын бағалаулар (яғни бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген). Қаржы құралдарын әділ құн иерархиясының санаттары бойынша бөлу үшін басшылық пайымдауларды қолданады. Егер әділ құнды бағалау үшін елеулі түзетулерді қажет ететін бақыланатын бастапқы деректер пайдаланылса, бұл бағалау 3-деңгейге жатады. Пайдаланылатын бастапқы деректердің маңыздылығы әділ құнды бағалаудың бүкіл жиынтығы үшін бағаланады.

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

**(а) Әділ құнды көп мәрте бағалау**

Әділ құнды көп мәрте бағалау - бұл әр есепті кезеңнің соңына қаржылық жағдай туралы есепте бухгалтерлік есеп стандарттары талап ететін немесе рұқсат ететін бағалаулар болып табылады. Төмендегі кестеде әділ құнды көп мәрте бағалау жататын әділ құн иерархиясындағы деңгейлер келтірілген.

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	2022ж. 31 желтоқсан		2021ж. 31 желтоқсан		Бағалау моделі және пайдаланылатын бастапқы деректер
	2-деңгей	Жиыны	2-деңгей	Жиыны	
<b>Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері</b>					
Салымдар	25,486,008	25,486,008	38,508,312	38,508,312	Дисконтталған ақша ағындары 12.09%-19.41%
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалы қағаздар жиыны	222,296,022	222,296,022	266,724,621	266,724,621	Дисконтталған ақша ағындары 10.86%-20.12%
<b>Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>247,782,030</b>	<b>247,782,030</b>	<b>305,232,933</b>	<b>305,232,933</b>	

2022 және 2021 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде 2-деңгейдің әділ құнын көп мәрте бағалауға арналған бағалау модельдерінде өзгерістер болған жоқ.

**(б) Әділ құны бойынша бағаланбайтын, олар үшін әділ құнды ашу ұсынылатын активтер мен міндеттемелер**

Төменде әділ құн бойынша бағаланбайтын активтердің әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша әділ құн талдауы мен баланстық құны келтірілген.

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	2022ж. 31 желтоқсан		2021ж. 31 желтоқсан	
	2-деңгейдің әділ құны	Баланстық құны	2-деңгейдің әділ құны	Баланстық құны
<b>Қаржы активтері</b>				
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	877,407,126	877,407,126	865,056,559	865,056,559
Амортизацияланған құны бойынша салымдар	59,211,211	68,740,004	62,640,847	58,169,114
Амортизацияланған құны бойынша бағалы қағаздарға инвестициялар	1,179,476,312	1,208,836,514	1,379,996,328	1,314,347,448
Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар	1,064,083,212	1,064,083,212	811,151,854	811,151,854
<b>Қаржы активтері жиыны</b>	<b>3,180,177,861</b>	<b>3,219,066,856</b>	<b>3,118,845,588</b>	<b>3,048,724,975</b>
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>				
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1,204,254,565	1,179,467,629	987,379,819	951,417,753
<b>Қаржылық міндеттемелер жиыны</b>	<b>1,204,254,565</b>	<b>1,179,467,629</b>	<b>987,379,819</b>	<b>951,417,753</b>

Сатып алынған ипотекалық кредиттер бойынша ұзақ мерзімді талаптардың әділ құны олардың баланстық құнына тең, себебі «7-20-25» бағдарламасы бойынша ипотекалық кредиттер нарықтың жеке сегменті, ал осы Бағдарлама бойынша пайыздық мөлшерлеме – нарықтық болып табылады. Бұл Бағдарлама бойынша пайыздық мөлшерлеме жыл ішінде өзгерген жоқ.

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

Төмендегі кестелерде 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтерінің кластарын жоғарыда көрсетілген бағалау санаттарымен салыстыру келтірілген:

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша	Амортизацияланған құны бойынша	2022ж. 31 желтоқсан Жиыны
<b>Қаржы активтері</b>			
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	-	877,407,126	877,407,126
Салымдар	25,486,008	68,740,004	94,226,012
Бағалы қағаздарға инвестициялар	222,296,022	1,208,836,514	1,431,132,536
Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар	-	1,064,083,212	1,064,083,212
<b>Қаржы активтері жиыны</b>	<b>247,782,030</b>	<b>3,219,066,856</b>	<b>3,466,848,886</b>

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша	Амортизацияланған құны бойынша	2021ж. 31 желтоқсан Жиыны
<b>Қаржы активтері</b>			
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	-	865,056,559	865,056,559
Салымдар	38,508,312	58,169,114	96,677,426
Бағалы қағаздарға инвестициялар	266,724,621	1,314,347,448	1,581,072,069
Сатып алынған ипотекалық қарыздар бойынша ұзақ мерзімді талаптар	-	811,151,854	811,151,854
<b>Қаржы активтері жиыны</b>	<b>305,232,933</b>	<b>3,048,724,975</b>	<b>3,353,957,908</b>

2021 және 2022 жж. 31 желтоқсанда Қордың барлық қаржылық міндеттемелері амортизацияланған құны бойынша көрсетілген.

## 20 Байланысты тараптармен операциялар

Тараптар, егер олар ортақ бақылауда болса немесе бір тарап екінші тарапты бақылау мүмкіндігіне ие болса немесе қаржылық не операциялық шешімдер қабылдау кезінде екінші тарапқа елеулі әсер етуі мүмкін болса, байланысты болып есептеледі. Байланысты тараптар арасындағы әрбір ықтимал байланысты қарастырған кезде олардың заңды нысанына ғана емес, қарым-қатынастың мәніне назар аударылады.

Төменде 2022 және 2021 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	2022ж. 31 желтоқсан			
	Бас компания	Мемлекеттік кәсіпорындар	Жиыны	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санаттар жиыны
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	877,406,614	-	877,406,614	877,407,126
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша инвестициялар	-	616,998	616,998	222,296,022
Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар	-	1,049,016,022	1,049,016,022	1,211,135,080
Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар бойынша күтілетін кредиттік шығындар резерв	-	(574,158)	(574,158)	(2,298,566)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(9,404,931)	(357,961,412)	(367,366,343)	(1,179,467,629)
Өзге жағдайлар	(1,731)	(10,282)	(12,013)	(516,404)

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	2021ж. 31 желтоқсан			
	Бас компания	Мемлекеттік кәсіпорындар	Жиыны	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санаттар жиыны
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	865,056,050	-	865,056,050	865,056,559
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша инвестициялар	-	308,534	308,534	266,724,621
Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар	-	1,187,624,261	1,187,624,261	1,322,304,083
Амортизацияланған құны бойынша инвестициялар бойынша күтілетін кредиттік шығындар резерв	-	(6,467,240)	(6,467,240)	(7,956,635)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	(264,946,585)	(264,946,585)	(951,417,753)
Өзге жағдайлар	(1,743)	(9,971)	(11,714)	(282,666)



**«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ**  
**Қаржылық есептілікке ескертулер – 2022 ж. 31 желтоқсан (жалғасы)**

Төменде 2022 және 2021 жж. іші байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Бас компания	Мемлекеттік кәсіпорындар	Жиыны	2022 ж.
				Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санаттар жиыны
Пайыздық кірістер	4,316,495	132,437,239	136,753,734	218,794,546
Пайыздық шығыстар	(2,156,749)	(39,627,027)	(41,783,776)	(110,562,476)
Кредиттік шығындар бойынша шығыстарды қалпына келтіру	-	3,160,854	3,160,854	1,346,623
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері бойынша таза шығын	-	(70,272)	(70,272)	(35,063,461)
Әкімшілік және басқа операциялық шығыстар	(27,137)	(121,547)	(148,684)	(477,677)
Өзге операциялық кірістер	-	55	55	19,722

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	Бас компания	Мемлекеттік кәсіпорындар	Жиыны	2021 ж.
				Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санаттар жиыны
Пайыздық кірістер	7,135,855	121,619,662	128,755,517	254,929,236
Пайыздық шығыстар	-	(30,856,163)	(30,856,163)	(97,593,728)
Кредиттік шығындар бойынша шығыстардың (шығысы)/қалпына келтірілуі	-	(5,840,969)	(5,840,969)	3,008,798
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері бойынша таза (шығын)/кіріс	-	(28,744)	(28,744)	17,180,350
Әкімшілік және басқа операциялық шығыстар	(20,415)	(61,200)	(81,615)	(572,451)
Өзге операциялық кірістер	-	232,412	232,412	579,839

Төменде негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақы төлеу туралы ақпарат берілген:

<i>Қазақстандық мың теңгеде</i>	2022 ж.		2021 ж.	
	Шығыстар	Есептелген міндеттеме	Шығыстар	Есептелген міндеттеме
<b>Қысқа мерзімді сыйақылар:</b>				
- Жалақы мен сыйлықақы төлемдері, соның ішінде:	152,631	25,326	149,599	22,445
зейнетақы аударымдары	11,903	2,533	9,882	2,245
<b>Жиыны</b>	<b>152,631</b>	<b>25,326</b>	<b>149,599</b>	<b>22,445</b>

Байланысты тараптармен мәмілелер тараптар арасында келісілген талаптармен жүзеге асырылды, олар міндетті түрде нарықтық мөлшерлемелерге сәйкес келмейді. Мұндай операциялар үшін белсенді нарық болмаған жағдайда, операциялар нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылғанын анықтау мақсатында пайымдаулар қолданылады.